6.3.7 Диспетчер қарамағында диспетчерлік пунктте келесі техникалық құжаттар (кәсіпорын басшысымен бекітілген, тізім бойынша) болуы керек:

- жылу желістерінің тікелей сызбалары;
- коммуникациялардың толық бейнеленуімен және бақылау-өлшеу аспаптарының орналасу орнымен қазан бөлмелердің жылу сызбалары;
- әрбір қыздырғыш үшін жылутасымалдаудың рұқсат етілген параметрлер (қысым, температура) кестелері болатын, қазандар мен жылытқыштардың, желістік, қоректендіргіш және қоректендіру сораптарының өнімділігі, химсутазалау, деаэраторлар және бак-аккумуляторлардың көлемі болатын, түсінік хаттары;
- әрбір қазан бөлмесі бойынша жылыту және жазғы кезеңдерге жылу желістерінің жұмыс режимінің графиктері (пьезометриялық, температуралық, жылутасымалдау шығындары, бу өткізгіштеріндегі қысымдар);
- қазан бөлмелерін және жылу желістерін ағымды және күрделі жөндеулер жоспарлары;
- ПТЕ және ҚТЕ қоса, әрекет етуші пайдалану нұсқаулар және басшылық етуші материалдардың толық кешені;
- кәсіпорынның басшылық етуші қызметкерлер құрамының мекен жайлары және телефон нөмірлері, сонымен қатар қалалық апаттық және кезекші қызметтердің телефондар нөмірлері.

6.3.8 АДҚ қызметкерлер құрамы келесі тікелей құжаттамаларды жүргізуі керек:

- тікелей журнал;
- бұйрықтар журналы;
- қазан бөлмелердің және жылу желістерінің жабдықтарын жұмысқа немесе резервтен енгізу және шығаруға мәлімдеу журналы;

- газқауіпті учаскілерін көрсетуімен жылу желістерінің құбырарналарының тікелей сызбалары;

- жылу желістерінің және орталық жылу пункттерінің (ОЖП) жылулық және гидрафикалық жұмыс режимдерінің графиктері;

- жабдықтардағы ақаулар және бұзылулар журналы.

Жергілікті жағдайлардан тәуелді тікелей құжаттардың көлемі кәсіпорын басшысының шешімі бойынша толықтырылуы мүмкін.

6.3.9 Тікелей журналға жабдықтарды қосуға және сөндіруге, пайдалануға жататын, режимдердің өзгеруіне, қазан бөлімдерінің және жылулық желістер ауданының кезекші персоналына кезекші диспетчердің бұйрықтары мен нұсқаулары жататын, кәсіпорынның кезекші персоналдың жауапты келісім-сөздері және хабарламалары жазылуы керек.

Жазбаларда келісім-сөздер уақыты, келісім-сөздер жүргізілген адамдардың аты-жөні және лауазымдары көрсетілуі керек.

6.3.10 Бұйрықтар журналына АДҚ сұрақтары бойынша аға диспетчердің және басшылардың бұйрықтары жазылуы тиіс. Әрбір жазбада бұйрықтар журналында бұйрықты берген адамның аты-жөні және лауазымы, жазба күні мен уақыты белгіленуі керек. Бұйрықтарды берген, адамдар журналда өз қолдарын қою тиісті.

6.3.11 қазан бөлмелердің және жылу желістер жабдықтарының бірде бір бөлшегі жұмыстан немесе резервтен АДҚ диспетчерінің рұқсатысыз шығарылуы мүмкін емес, олар адам қауіпсіздігіне және жабдықтың сақталуына қауіп төндіретін жағдайлардан басқа.

6.3.12 Бекітілген жоспардан тәуелсіз жылумен жабдықтайтын жабдықтарды жұмыстан немесе резервтен шығару кәсіпорын жетекшісі бекіткен, мәлімдемемен толтырылуы керек.

6.3.13 Қазан бөлмелердің және жылу желістерінің жабдықтарын жұмыстан және резервтен шығаруға мәлімдемелерде көрсетілуі керек: қандай жабдықты жұмыстан немесе резервтен шығару керек, қандай мақсат үшін және қандай мерзімге (жұмыс басы мен саңының күні мен сағаты).

Мәлімдемеге қазан бөлмесінің, ауданның, қызметтің, учаскенің бастығының қол таңбасы қойылуы керек.

Жабдықты жұмыстан немесе резервтен шығаруға рұқсатты диспетчер орындаушыларға жұмыстарды орындауға бір күн бұрын хабарлайды.

6.3.14 Өзгеше жағдайларда жоспардан тыс жөндеуге тікелей мәлімдемелерді АДҚ диспетчерлеріне кез-келген уақытта берілуі мүмкін. Диспетчер жөндеуді жеке өзі, өз жауапкершілігіне арттып, рұқсат ете алады, бәрақ өз кезекшілік шегіндегі мерзімге ғана. Жөндеу тым ұзақ уақыты ішінде созылатын болса, мәлімдеме кәсіпорын басшысымен бекітілуі керек.

6.3.15 Жабдықты жұмыстан немесе резервтен шығару және оның сынамалары тек АДҚ кезекші диспетчерінің бұйрығынан кейін ғана орындалуы керек, мәлімдемеге сәйкес жабдықты жұмыстан немесе резервтен шығару алдында немесе сынамаларды бастау алдында берілген.

6.3.16 Қазан бөлімдерде және жылу желістерінде апаттық жағдай болған кезде кәсіпорынның өндірістік персоналы АДҚ кезекші диспетчеріне бағынады және апаттарды жайылтпаушылықтау және жою бойынша оның бұйрықтарын дәл орындау міндетті.

Кезекші диспетчердің бұйрықтары дереу және сөзсіз орындалуы керек. Диспетчердің бұйрығын негізсіз кідіруі үшін жауапкершілікті бұйрықты орындамаған адамдар, және осы орындамаушылыққа себеп болған жетекшілер арттады.

6.3.17 АДҚ персоналдың басқа кәсіпорындар және ұйымдардың апаттық қызметтерінің өзара қарым-қатынасы қалаларда және басқа тұрғын жерлерде жергілікті

әкімшілік органдарымен бекітілген, өзара қатынастар туралы жергілікті нұсқаулары мен ережелерімен регламенттелуі керек.

6.3.18 Қазан бөлмелеріндегі және жылу желістеріндегі апаттар кезекші диспетчер басшылығымен АДҚ персоналымен жойылуы керек.

Қажет болған жағдайда тікелей немесе әкімшілік-техникалық персоналдан жоғарыда тұрған адам оперативті журналда жазып, апатты жою басшылығын басқа адамға тапсыруға немесе басшылықты өз қолына алуға құқылы.

Апаттарды жою бойынша жұмыс жетекшісі жұмысты дұрыс жүргізу, қауіпсіздік техника, орындау мерзімі мен сапасы үшін жауапкершілікті арттады.

6.3.19 Апатты жою кезінде сменаны қабылдауға және тапсыруға тыйым салынады.

Сменаға келген тікелей персонал апат салдарын жоюын басқаратын адам көз-қарасы бойынша пайдаланылады. Апатты жойған кезде оның сипатынан тәуелді ерекшелік түрінде жоғары тұрған жетекші рұқсатымен сменаны тапсыруға рұқсат етіледі.

Жабдықты айырып-қосу, жіберу және тоқтату кезінде семаны тапсыру және қабылдау тек жоғары тұрған әкімшілік-техникалық персонал рұқсатымен ғана жіберіледі.

6.3.20 Апатты жою кезінде, жабдықтарды айырып-қосу, жіберу және тоқтату кезінде оперативті персонал арасында міндеттерді үлестіру жергілікті нұсқаулармен регламенттелуі керек.

6.3.21 Тікелей қызметкерлер құрамы тіпті әкімшілік-техникалық қызметкерлер құрамынан адамдар болса да апатты жою кезінде әрекет дұрыстығы үшін, шешімдерді өз күшімен қабылдап және қалыпты режимді қалыптастыру бойынша шараларды жүзеге асырып жеке жауапкершілікті арттады.

6.3.22 Апаттарды жою бойынша жұмыстарды бастау алдында жетекші қауіпсіздік техника ережелерін сақтау бойынша барлық шараларды орындалуын қамтамасыз етуі міндетті.

6.3.23 Коммуналды жылыту қазан бөлімшелерін пайдаланатын, қазан бөлімдердің және кәсіпорындар апаттық жұмыс режимін жою үшін келесілер болуы керек:

- материалдар маен жабдықтардың апаттық қоры;
- қажетті автокөлік, көтеру-көліктік механизмдер және жерқазу техникасы;
- байланыс және өрт сөндіру құралдары;
- жеке қорғау құралдары;
- резервті жабдықтардың сызбасы және қосу тәртібі.

6.4 Жабдықтарды жөндеу, жаңарту және қайта құру

6.4.1 Коммуналды жылыту қазан бөлмелерін пайдаланатын әрбір кәсіпорында техникалық қамтамасыз ету, жоспарлы-ескерту жөндеулер, жабдықтарды, құрылыстарды және энергия құрылғылардың коммуникацияларын жаңарту және қайта құру ұйымдастырылуы керек.

6.4.2 Коммуналды жылыту қазан бөлмелерін пайдаланатын кәсіпорындар жабдықтарын жоспарлы-ескерту жөндеуі «Электростанциялардың, жылу және электр желістер жабдықтарын, ғимараттары және құрылыстарын техникалық қамтамасыз етілуін және жөндеуін ұйымдастыру бойынша нұсқауға» сәйкес ұйымдастырылуы керек (РД 122.04.181-03) [12]

6.4.3 Электрқондырғыларды жөндеу, жаңарту және қайта құруды ұйымдастыру үшін жауапкершілік коммуналды жылыту қазан бөлмелерін пайдаланатын, кәсіпорындар басшыларына жүктелуі керек.

6.4.4 Жоспарлы-ескерту жөндеулердің нақты көлемі және күнтізбелік жоспар-графикі пайдалану кезінде және сынаулар нәтижесінде байқалған, ақауларды ескеруімен ережелерге сәйкес құрастырылуы керек.

6.4.5 Қазан бөлмелердің және жылу желістердің жабдықтарын, ғимараттарын және құрылыстарын жөндеудің барлық түрлеріне болашақты, жылдық және айлық графиктер құрастырылуы керек.

6.4.6 Жөндеулердің жиілігі және ұзақтығы, сонымен қатар жабдықтың жөндеуде жыл сайын тұрып қалу ұзақтығы Нұсқауға сәйкес орнатылуы керек.

6.4.7 Жөндеу жұмыстардың көлемі орындаушы – ұйымдармен алдын ала келісілуі тиіс.

6.4.8 Жөндеуді бастау алдында барлық ақаулар анықталуы керек және жөнделген жабдықтар, ғимараттар немесе құрылыс сәйкес келетін, нышандар орнатылуы керек.

6.4.9 Жабдықты, ғимараттар мен құрылыстарды жөндеуге шығару және оларды қайта жұмысқа енгізу диспетчерлік мәлімдемелері бойынша орындалуы керек.

6.4.10 Жабдықты жөндеу жұмыстарына шығару алдында келесі жұмыстар орындалуы керек:

- жұмыс көлемінің ведомостары және сметасы құрастырылуы керек, олар жабдықты сәйкесінше байқаудан кейін түзетілуі қажетті;
- жөндеу жұмыстарының графиктері құрастырылуы керек;
- жұмыс көлемдерінің ведомостарына сәйкес қажетті материалдар, запас бөлшектер және түйіндер дайындалуы керек;
- қайта құру жұмыстарына техникалық құжаттама құрастырылуы керек;
- аспаптар, құрылғылар және көтеру-көліктік механизмдер қалыпты жағдайға келтіру және жинастырылған болуы керек;
- қауіпсіздік техникасы бойынша шаралар және өртке қарсы шаралар орындалуы керек;
- жөндеу бригадалары жабдықталған және нұсқауланған болуы керек.

6.4.11 Негізгі және қосымша жабдықтардың конструктивті өзгерістері, сонымен қатар жөндеу жұмыстарын орындаған кезде ұстанымдық сызбалардың өзгеруі орнатылған тәртіпте бекітілген, жоба бойынша ғана орындалуы керек.

6.4.12 Күрделі жөндеуден өткен, қазан бөлмелердің және жылу желістердің жабдықтары 48 сағат ішінде жүктеме астында қабылдау-тапсыру сынамаларына жатады.

6.4.13 Қазан бөлмесінің құрылғысының күрделі жөнделуінің аяқталу уақыты болып келеді:

- желіске қосылу уақыты, егер жабдықтың қалпы жөндеу алдында орнатылған нышандарға сәйкес келетін болса және қабылдау-тапсыру сынамалар кезінде номиналды жүктемемен оның жұмысына кедергі жасайтын ақаулар байқалмаса;
- жабдықты келтіру бойынша жұмыстардың аяқталу уақыты жөндеу басында орнатылған нышандарға сәйкестікте, егер осы уақыт қабылдау-тапсыру сынаулардың ұзақтығынан асатын болса.

6.4.14 Жөндеу объектісінде артық қысым болмаған кезде орнатылған тәртіпте толтырылған, нарядты алғаннан кейін ғана жөндеу жұмыстарын орындауға рұқсат етіледі.

6.4.15 Жөндеуден жабдықтарды қабылдауды коммуналды жылыту қазан бөлмесін пайдаланатын, кәсіпорын басшысының төрағалығымен комиссия орындауы керек.

6.4.16 Негізгі жабдықты күрделі жөндеген кезде орындалған жұмыстар, оған жөндеу бойынша техникалық құжаттарды тіркеумен акт бойынша қабылдануы керек.

6.5 Негізгі және көмекші жабдықтарды консервілеу

6.5.1 Қазан металлын жегіден қорғау бойынша қажетті шараларды қабылдамай бу және суқыздыру қазандарын резервке шығаруға тыйым салынады.

6.5.2 Қазандарды консервілеу келесі тәсілдердің бірімен жүзаға асырылуы керек: бір ай мерзімге дейін – қазанды сілтілі ерітіндімен толтыру; бір айдан жоғары мерзімге – ылғал сіңіргіштерді немесе натрий нитрат ерітінділерін пайдалану.

6.5.3 Қазандарды құрғақ консервілеу кезінде келесі ылғал сіңіргіштер пайдалануы керек: кальций хлориді (CaCl_2) F МСМ таңбалы силикагель, сөндірілмеген ізбес $[\text{Ca}(\text{OH})_2]$, соның арқасында қазандағы ішкі ортаның салыстырмалы ылғалдылығы 60 % төмен сақталуы керек.

6.5.4 Қазанды консервілеу кезінде келесі алдын ала шараларды өткізу қажетті:

а) қазанның бу, қоректендіру, дренажды және үрлеуіш желістерінде тығындамаларды орнату;

б) қазаннан суды төгу;

в) қазанның ішкі бетін тазалау;

г) егер механикалық тазалау мүмкін емес болса, онда су экономайзерді қышқылмен жуып-шаю;

д) қазанның сыртқы қызу беттерін және газарналарды ұшпалы күлден және қождан тазалау;

е) қазанның қызу бетін атанақтардың ашық люктері және қазан коллекторлары арқылы желдеткішпен кептіру.

6.5.5 Консервіленетін қазанның 1 м^3 ішкі көлемге ылғал сіңіргіштің мөлшері төменгіден кем емес болуы керек (кг-мен):

- хлорлы кальций - 1 - 1,5;

- силикагель - 1,5 - 2,5;

- сөндірілмеген ізбес - 3 - 3,5.

Сөндірілмеген ізбес басқа ылғал сіңіргіштер болмаған кезде ерекше ретінде пайдаланылады.

6.5.6 Барлық жұмыстар аяқталған соң қазанның консервіленуі туралы акт құрастырылуы керек.

6.5.7 Сілтілі консервілеу кезінде қазанның сулы көлемі 3 г/л дейін ащы натр (NaOH) немесе 5 г/л тринатрийфосфат (Na_3PO_4) қосуымен деаэрацияланған конденсатпен толықтырылуы керек.

6.5.8 Конденсатқа 50 % дейін жұмсартылған деаэрацияланған суды қосқан кезде ащы натр қосымы 6 г/л дейін, тринатрийфосфат – 10 г/л дейін артуы керек.

6.6 Қазан бөлмелеріндегі жылу сызбаларындағы ауыстырулар

6.6.1 Қазан бөлмелеріндегі жылу сызбаларындағы барлық ауыстырулар пайдалану бойынша жергілікті нормативті құжаттармен сәйкес орындалуы және тікелей құжаттамаларда бейнеленуі керек.

6.6.2 Нұсқауларда қарастырылмаған жағдайларда, ауыстырулар бағдарламалар бойынша орындалуы керек. Күрделі ауыстырулар сонымен қатар ауыстыру бағдарламалары және бланктері бойынша орындалуы керек.

6.6.3 Күрделі ауысуларға келесі төменгі ауысулар жатады:

- негізгі және көмекші жабдықтарды сынаумен байланысты;

- сақтандыру құрылғылардың жұмыс қабілеттілігін және жөнделуін тексеруімен байланысты;

- жабдықты жөндеуге және резервке шығаруымен және оны жұмысқа енгізуімен байланысты;

- қазан бөлмелердің және жылу желістердің жабдықтарын гидравликалық баспалаумен байланысты;

- қазан бөлмелердің жылулық сызбаларының өзгеруімен байланысты;

- жабдықтарды пайдаланудың жаңа дәстүрлі емес тәсілдерін тексеруімен және сынауымен байланысты.

6.6.4 Коммуналды жылыту қазан бөлмелерін пайдаланатын әрбір кәсіпорында кәсіпорын басшылығымен бекітілген, күрделі ауыстырулар тізімі құрастырылуы керек. Тізім жабдықты енгізуін ескеруімен, қайта құру немесе демонтажды ескеруімен, технологиялық сызбаларының, қорғау және автоматика сызбаларының және т.с.с. өзгеруін ескеруімен түзетілуі керек. Тізім үш жылда бір рет қайта қарастырылуы керек. Тізім көшірмелері қазан бөлмесінің және кәсіпорынның аға тікелей персоналдың жұмыс орнында болуы тиіс.

6.6.5 Коммуналды жылыту қазан бөлмелерін пайдаланатын, кәсіпорын басшысымен бағдарламалар бойынша өткізілетін, ауыстырулардың орындалуын бақылауға құқылы, әкімшілік-техникалық персоналдан адамдар тізімі бекітілуі керек. Персонал құрамы өзгерген кезде тізім өзгертілуі тиіс. Тізім көшірмелері қазан бөлмесінің және кәсіпорынның аға тікелей персоналдың жұмыс орнында болуы тиіс.

6.6.6 Ауыстыру бланкінде келесілер көрсетілуі тиіс:

- ауыстыру объектісі;
- ауыстырудың басталу және аяқталу уақыты;
- ауыстыруларды өткізу үшін қажетті жағдайлар;
- ауыстыруларды орындайтын, персонал туралы мәліметтер;
- ауыстыруларды орындау тізбектілігі;
- ауыстыру аяқталған соң тығындау және реттеуіш арматураның орналасуы;
- ауыстырулардың орындалу барысын бақылауды жүзаға асыратын және олар үшін жауапкершілік артатын персонал.

6.6.7 Бағдарламалар бойынша типтік емес жұмыстар, пайдалану бойынша нормативті құжаттармен алдын ала қарастырылмаған, жұмыстар орындалуы тиіс.

Бағдарламалар кәсіпорын басшысымен бекітілуі тиіс.

6.6.8 Күрделі тікелей ауыстырулармен байланысты жұмыс бағдарламаларында төмендегілер көрсетілуі керек:

- бағдарламаның мақсаты мен тағайындалуы;
- бағдарлама бойынша жұмыстарды орындау шарттары;
- жұмыстарды орындауға жабдықтарды дайындау бойынша шаралар;
- жұмыс орнында персоналды инструктаждау қажеттілігі, тікелей персоналды және бақылаушыларды үлестіру;
- бағдарлама бойынша жұмысты орындаудың әрбір нақты кезеңінде тығындаушы және реттеуіш арматураның орналасуы;
- әрбір кезеңде жұмыстардың орындалуы үшін және нақты жабдықтар үшін бақылауды жүзаға асыратын және олар үшін жауапкершілікті арттатын, персонал;
- апаттық жағдайларда тікелей персоналдың әрекет ету тізбектілігі.

6.6.9 Ауыстырулар бағдарламалары және бланктері бойынша барлық жұмыстар жұмыс жетекшісінің бақылауымен орындалуы керек, бақылаушы ретінде ол үшін жеткілікті мамандыққа ие болатын, қазан бөлімшесінің және жылу желістер ауданының инженерлік-техникалық жұмыскері тағайындалуы мүмкін.

Ауыстырулардың тура жетекшілігін жұмыс орындаушысы жүзеге асыру қажет, ол тікелей қызметкерлер құрам санынан тағайындалады (котельня сменаның бастығы, аға оператор, жылу желістер учаскесінің шебері).

Ауыстырулардың өзін жұмыс өндірушісімен арнайы нұсқаулы етілген жұмыс өндірісіне енгізілген, тікелей, тікелей-жөндеу, жөндеу персоналы орындау керек (машинистер, бақылаушылар, темір ұсталар, аппаратшылар).

Ауыстырулар бағдарламалары және бланктері бойынша жетекшілер немесе жұмыс өндірушілер бола алатын, адамдар тізімі кәсіпорын жетекшісімен бекітілуі керек және оған енетін, адамдар құрамы өзгерген кезде жүйелі түзетілуі қажет.

6.6.10 Ауыстырулар бланктері және бағдарламалары басқа нормативті құжаттармен қатар сақталуы керек.

6.7 Техникалық құжаттар

6.7.1 Коммуналды жылыту қазан бөлмелерін пайдаланатын әрбір кәсіпорынның келесі құжаттамалар болуы керек:

жер учаскілерін қайтару акттері;

топырақты талдау нәтижелерімен және топырақ суларын талдауымен аймақтар туралы геологиялық, гидрогеологиялық және басқа мәліметтер;

шурф қабаттарымен іргетастармен орналасу акттері;

жасырынды жұмыстарды қабылдау акттері;

жабдық астына ғимараттардың, құрылыстардың және іргетастардың тойтарылуы туралы актілер (немесе бақылау журналдары);

құрылыстардың жарылыс қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігін, найзағайдан қорғау және жегідеге қарсы қорғауды қамтамасыз ететін, құрылғыларды сынау актілері;

ішкі және сыртқы сумен жабдықтау жүйелерін, өрт сукұбырларын, канализация, газбен жабдықтау, жылумен жабдықтау, жылыту және желдету сынамаларының актілері;

технологиялық құбырлар мен құрылғыларды сынақтан өткізу және жеке тексерілуінің растау құжаттары;

мемлекеттік және жұмысшылардың қабылдау комиссияларының растау құжаттары;

ғимараттар мен құрылыстардың жер асты шаруашылығымен қоса жер жобасы;

кейін өндіріске түсетін белгіленген жоба құжаттары (сызбалар, түсіндірмелер және т.б.);

қондырғының, технологиялық құрылыстардың және ғимараттардың техникалық құжаттары;

электрлік қосылыстардың біріншілік және екіншілік орындалу жұмыстарының сызбасы;

технологиялық сызбаның орындалу жұмыстары;

әрбір жұмыс орнының қызметтік нұсқаулығы, құрылыстар мен құрылғының қызмет көрсету нұсқаулығы;

өрт сөндірудің жедел жобасы;

мемлекеттік қадағалау орындарының шарттарына сай құжаттар;

еңбекті қорғау туралы нұсқаулық.

Көрсетілген құжаттар жинағы кәсіпорынның техникалық мұрағатында (өндірістік-техникалық бөлімде) «Құжаттар» деген мөрмен сақталуы керек.

6.7.2 Әрбір коммуналды жылыту қазандықтарын пайдаланушы кәсіпорын қажетті нұсқаулықтар тізімін бекітуі және әрбір аудан, бөлімше, қазандық, зертхана және қызмет үшін технологиялық сызбаларды бекітуі керек; тізім кәсіпорын басшысымен бекітілуі керек.

Тізім үш жылдан кем емес уақытта бір рет қайта қаралып отыруы тиіс.

6.7.3 Қазанның барлық негізгі және қосалқы қондырғылары сонымен бірге құбырлар, арматура, шиберлер, газ және су құбырлары номерленуі тиіс.

Негізгі құрылғы реттік номерлермен, ал қосалқылары сол сияқты номерлермен, сонымен қоса А, Б және В және т.с.с. әріптердің қосылуымен белгіленеді. Отын берудің жеке бөлімдері отынның қозғалысының бағытымен номерленуі керек, ал параллельді

бөлімдері- осы номерлерге А, Б әріптерінің қосылуымен отынның жүрісі бойынша солдан оңға қарай белгіленеді.

6.7.4 Нұсқаулықтағы және сызбадағы номерлердің мағынасы, шынымен орындалған белгілер мен номерлерге сәйкес келуі тиіс.

Пайдалану процесі кезінде орындалған қондырғыдағы барлық өзгертулер, жауапты адам қолының астындағы сызбаларға жасалған өзгертулерді енгізген күні мен сол адамның қызмет дәрежесімен енгізілуі қажет.

6.7.5 Технологиялық сызбалар іс жүзінде пайдаланылуындағыларымен 2 жылда бір рет тексерілуі керек және тексерілгендігі жөнінде белгі қойылуы тиіс.

Сызбалардағы өзгертулер жөніндегі хабар барлық жұмысшыларға жеткізілуі керек (бұйрықтар журналындағы журналға), олардың бұл схемаларды міндетті түрде берілуі тиіс.

6.7.6 Сызба үлгілерінің жинақтары жылыту жүйесі диспетчерінде, қазандағы ауысым бастығы мен жедел бригада тобының шеберінде болуы қажет.

6.7.7 Әрбір қазандықта басшылықпен бекітілген қажетті нормативті құжаттармен қамтылуы тиіс.

6.7.8 Пайдалану жөніндегі нормативті құжаттар ҚР (ТЖМ) жауапты органдарының талабына сәйкес құрылуы қажет, Техникалық регламент бойынша «Газбен қамтылу жүйесінің қауіпсіздігіне талаптар, жоба мәліметтері және шынайы ереже бойынша және жергілікті шарттар бойынша».

Нормативті құжаттар пайдалануы бойынша сәйкес өндірістік бөлімшенің бастығымен қол қойылуы қажет(қазан,цех,аудан,участык,қызмет ету) және коммуналды пайдаланатын жылу беретін қазан өнеркәсіп басшылығымен бекітілуі қажет.

Өрт сөндіру қауіпсіздігінің нұсқауы жергілікті өрт сөндіру органдарының өрт сөндіру органдарының келісімімен бекітілуі қажет.

6.7.9 Нормативті құжаттарда қондырғы,ғимарат және құрылыс,қорғаныс мүмкіншіліктері, телемеханика және әрбір қондырғыда байланыс орнатылуы қажет.

қондырғылардың, ғимарат және құрылыстың қысқаша мінездемесі;

қондырғылардың қауіпсіз жағдайы және жұмыс режимінің критеріі мен шектеулері;

орташа пайдалану және апаттық жағдай уақытындағы жіберу тәртібі,қондырғыларда қызмет көрсету және тоқтату,ғимарат және құрылыс мазмұны;

тексеріске жіберетін рұқсатнама тәртібі,ғимарат және құрылыс,қондырғыларды сынақтан өткізу және жөндеу;

осы құрылғының еңбек қауіпсіздігі,жарылыс және өрт қауіпсіздігін қажет ету.

6.7.10 Ұсқау бойынша әрбір жұмыс орнында осылар көрсетілуі керек:

қондырғыларға қызмет көрсету және басқа нормативті техникалық құжаттардың нұсқау ережесі,қондырғылар мен құрылғылардың сұлбасы,бұл осы қызметтегі барлық жұмыскерлердің білуі қажет;

жұмыскердің құқығы,міндеті және жауапкершілігі;

үлкен лауазымды,қарамағындағы және басқа персоналмен қарым қатынас.

6.7.11 Нұсқаулар үш жылда бір рет қаралуы қажет жағдай өзгерген кезде немесе қондырғыларды пайдалану шарттарына сай қосымшалар нормативті құжаттарға тіркелуі қажет және бұл құжатты бұйрық беру журналымен міндетті түрде білуге қажет жұмыскерлерге жіберілуі қажет.

6.7.12 Кезекші персонал да келесі оперативті құжатнама болуы керек

қазанның негізгі құбырөткізгіштерінің оперативті атқаратын сұлбасы;

оперативті журнал;

бұйрық беру журналы;

наряд пен бұйрық беру жұмысының журналы;

дефект және құрылымдардың зақымдануы туралы журнал.

Оперативті құжатнама жергілікті шарттарға байланысты коммуналды қазандық жылытуды пайдалану өнеркәсібінің бастығының келісімімен өзгертілуі мүмкін.

6.7.13 Қазанның оперативті персоналының жұмыс орнында бекітілген форма бойынша диспетчерлік пункте тәуліктік ведомость жүргізілуі керек.

6.7.14 Административті-техникалық персонал күн сайын оперативті құжатнаманы қарау керек, дефекті жоятын жағдай жасау керек және құрылғы мен персоналды жұмысты бұзбаушылығын қарау керек.

6.7.15 Коммунады қазандық жылыту пайдалану өнеркәсіптерінің негізгі технико-экономикалық көрсеткіші болатындар:

әрбір қазандыққа және өнеркәсіпке жіберілетін және жұмсалатын жылу мөлшері;

шартты отынның жіберілетін жылға кететін жеке шығыны;

жіберілетін отынның өз бағасы;

жылу желілеріндегі жылу жоғалту және қазандықтың жеке керек жылу шығыны.

6.7.16 Коммуналды жылыту қазандықтарын пайдалану өнеркәсіптерінде сандық және сапалық көрсеткіштері сыртқы ауа температурасына және әрбір қазандықтың жылулық күш түсіруінің қосылуына тәуелділікті орнатып, энергетикалық мінездеме жасау керек.

6.7.17 Энергетикалық мінездеме бойынша топталған қазандықтарға келесі көрсеткіштер бойынша жасалуы керек:

шартты отынның жеке шығыны (газбен, сұйықпен және қатты отынмен жұмыс жасайтын әр қазандыққа жеке жекеден);

қазан қондырғысына.

Одан басқа әрбір қазан қондырғысының көрсеткіші бойынша энергетикалық мінездеме жасалуы қажет: кететін газдардың температурасы, қазандықтың жеке өзінің керегіне кететін жылу шығыны қазанды жағуға арналған отын шығыны. Бұл көрсеткіштер қазандық агрегаттың және жалпы қазанның жылу техникалық сынақтан өтетін негізгі нәтижесі болып табылады.

7 Территория, өндірістік панажайлар мен жылулық энергоқондырғыларды орналастыру құрылыстар

7.1 Территория

7.1.1 Қазандықты қызмет көрсетуге алу үшін алдымен жоба жұмыстарымен қарастырылған мәселелер шешілуі тиіс:

территорияның сәйкесінше бөлігін жоспарлау және қоршау;

көгалдандыру және сәулеттендіру;

шалағай және ыза суларды ғимараттардан, панажайлардан және аумақтан (дренаждар, кюветтер, ор, су бұрғыш каналдар, беттік қабат тағы басқалар) ұйымдастырылған ағызулар үшін ағындар құрылғысы;

темір жолдарды, автомобиль жолы, көпірлер, өткелдер, теміржол өткелі, өрт ауласын төсеу; су құбырының, канализация және жылумен қамтамасыз ету желілерін төсеу;

сыртқы жарық, байланыс және сигнализацияның желілерінің монтажы;

найзағайдан қорғау және жерге қосуды жабдығы;

су аймағын және су көздерін қорғаудың санитарлық аймақтарын жасау.

Барлық объекттер үнемі дұрыс күйде болуы керек.

7.1.2 Сумен жабдықтау, канализация, жылумен жабдықтаудың коммуникацияларының жер астындағы трассалары, сонымен қатар барлық қызметтегі газ құбырлары, мазут құбырлары, кабельдер жер бетінде көрсеткіштермен белгіленуі керек.

7.1.3 Қазандық территориясында ашық ток көздері болған жағдайда ҚР ҚНЖЕ 2.01-19-2004 сәйкес жер астындағы металлдық коммуникациялар және ғимараттардың электрохимиялық қорғауы қамтамасыз етуі керек.

7.1.4 Барлық су бұрғыш желілер және құрылымдар жер үсті су жіберулер кезінде қарастырылу және дайын болуы керек. Ғимараттарда кабельдер мен құбырлардың өтуіндегі тесіктерді тығыздап, ал тартып алатын механизмдерді жұмыс дайындығына әкелу қажет.

7.1.5 Бақылау скважиналардағы (пъезометрлерде) су деңгейін бақылауға байланысты қазандықтағы грунтты судың тәртібін бақылау жүргізіледі: қызмет көрсетудің бірінші жылы – айына бір рет, келесі жылдары – грунтты судың деңгейінің өзгеруіне байланысты кварталда бір рет. Бақылау скважиналары су құбырының, канализацияның және жылумен қамтамасыз ету желілерінің ең жоғары тығыздықты аймағында орналасуы қажет. Бақылаулар нәтижесі арнай журналға енгізіледі.

7.1.6 Қазандық территориясында грунттың бұзылуы мен қабыну, құлама құбылыстары байқалған жағдайда пайда болу себептерін шешіп, оларды жою және қайтадан пайда болмауына шарттар жасау керек.

7.2 Өндірістік ғимараттар мен панажайлар

7.2.1 Қазандықтардың өндірістік ғимараттары мен панажайлары ұзақ уақытқа қолдануын қамтамасыз ететін күйде болуы керек және тазалық-техникалық нормалар мен еңбек қауіпсіздігіне жауап беруі тиіс.

7.2.2 Қызмет көрсетуге шығар алдында қазандықтың ғимараттары мен панажайларында әрекеттегі нормаларға сай толық көлемде өндірістік тазалық объектілері (жуынатын бөлме, киім шешетін бөлме, медициналық бөлім, желдету және шаңсыздандыратын қондырғылар, т.б.) жасалп бітуі тиіс.

7.2.3 Ғимараттар мен панажайлардың құрылымы және инженерлік қондырғыларын бақылау дефекттер мен ақауларды табу үшін техникалық тексеріс жылына 2 рет (көктемде және күзде) және апаттардан кейін кезектен тыс тексеріс жүргізіледі.

Тексеріс кезінде дефекттер мен ақаулар себепін анықтайды, өтпелі және күрделі жөндеу барысында жасалып отырған шаралардың сапалы және толығымен орындалғанын тексереді. Тексеріс нәтижелері журналда акт немесе басқа жазулармен толтырылады.

7.2.4 Тексеріс кезінде деформация және ғимараттар мен панажайлардың құрылымына әсер ететін басқа дефекттер, құрылымның беріктігіне және қабілеттілігінің төмендеуіне немесе қондырғының қалыпты жұмысына әсер етсе, онда қазандықтың қауіпсіз қызмет көрсетілуі жайлы жедел шаралар қарастырылып, одан кейін болатын деформациялар туралы хабарламалар жасалуы керек.

7.2.5 Жобалық мәліметтердің негізінде әрбір бөлімше үшін шекті жүктемені анықталуы және көрнекті орындарға тиісті кестелері орнатуы керек.

Құрылыс құрылымдарында саңылаулар мен ойықтар жасауға тыйым салынады, жасалатын жұмыста растайтын тексеріс есебі жасалмай тұрып жүктер мен қондырғыларды орнынан қозғалтуға болмайды.

7.2.6 Құрылыс құрылымы, қондырғы фундаменттері мен панажайлар зиянды заттардың (май, бу, қышқыл және т.б.) түсуіне жол бермеу керек.

7.2.7 Ғимараттар мен панажайлардың металлдық құрылымдары коррозиядан сақталуы тиіс және олардың қорғалуының жүйелік бақылауы орнатылуы керек.

7.2.8 Қазандық қондырғылары мен бөлмелердің бояуы өндірістік эстетика талаптарына сай болуы керек. Сақтау беттері жоқ құбырөткізгіштер оқшауламасы МСТ 14202 сәйкес боялуы керек. Сақтау беті болған жағдайда бетіне ҚР ТЖМ мүшелерінің нормативті құжаттарына сәйкес маркерлік сақиналар мен жазулар болуы керек.

7.2.9 Қазандықты қызмет көрсетудің бірінші жылдары қазандықтың панажайларының, құрылысының және қондырғыларының күйіне айына бір рет назар аудару керек, ал екінші жылы – екі рет, келесі жылдары – бес жылға бір рет. Фундаментте жарықтар мен басқа дефекттер пайда болған кезде құрылыстың кезектен тыс тексерісін жүргізу керек, олардың пайда болу себебі анықтау керек және жою тәсілдерін тез арада орындау қажет.

Жоғары кеуекті 1 санаттағы саздан салынған панажайлар мен ғимараттар фундаментінің бүлінулеріне қызмет көрсету келесі жылдары бүлінулердің толығымен жойылуынша 3 айға бір рет жасап отыру керек.

7.2.10 Негізгі панажайлар мен ғимараттар үшін жарықтарына реперлер қыстыруға болады.

7.2.11 Суық немесе сейсмикалық аудандарда орналасқан панажайлар мен ғимараттардың фундаменттерін бақылау жергілікті нормативті құжаттармен жүргізіледі.

7.2.12 Панажайлар мен ғимараттар шатыры көктемде және күзед қоқыстан және күл қалдықтарынан тазартылуы керек, нөсер жаңбырлы суларды ағызу жүйелері периодты тазартылуы керек.

7.2.13 Қазандықтардың түтінді құбырлары мен газжүрісі жылына бір рет сыртқы тексерістен, бес жылда бір рет ішкі тексерістен өтуі тиіс.

7.2.14 Қазандықтың панажайлары мен ғимараттарының найзағайдан сақтау жүйесі ҚР СН 2.04-29-2005 сәйкес «Панажайлар мен ғимараттардың найзағайдан сақтау ережесі» орындалады.

Сұйық және газ тәрізді отынның құбырөткізгіштері жерастында болуы қажет.

7.2.15 Найзағайдан сақтау қондырғысы жобалық және жөндеу кәсіпорнның өкілдерінің қатысуымен техникалық комиссия алғаннан кейін қызмет көрсетуге енгізіледі.

7.2.16 Найзағайдан сақтау қондырғысына қызмет көрсеткенде жоспарлық тексерістен өту керек, ал жауапты элементтері (найзағай қабылдағыш, тоқ өткізгіш, байланыстар, жер асты енгізілетін) – периодты бақылауда болу керек.

Найзағайдан сақтағыш қондырғылармен бірге тексеруден кейін ескерілген жөндеудің негізінде найзағайлы периодтың басталуына дейін жүргізіледі.

7.2.17 Қазандықтың панажайларының және ғимараттарының күрделі және өтпелі жөндеулерін коммуналды жылытқыш қазандықтарға қызмет көрсететін кәсіпорнның басқарушысымен бекітілген жылдық күнтізбелік жоспармен жасалады.

7.2.18 Қазандықтың өндірістік панажайлары мен ғимараттарының дұрыс пайдалануы мен дұрыс күйіне және өтпелі мен күрделі жөндеулердің дәл уақыттында орындалуына коммуналды жылытқыш қазандықтарға қызмет көрсететін кәсіпорнның басқарушысы жауапты болады.

8 Отын шаруашылығы, қатты, сұйық және газ тәрізді отын, шығынды материалдар

8.1 Қазандықтарға келіп түскен барлық отынның сапасы МСТқа және техникалық шарттарға сәйкес болуы тиіс.

Отынды жеткізу келісім шарттарында көрсетіледі:

қатты отын үшін - марка, жану жылуы, күлдік тобы, күлдік және ылғал көрсеткіші, ұшқындар құрамы, көлем тобы, отында басқа заттардың болмаын, торф үшін – минималды ылғал көрсеткіші;

сұйық отын үшін - марка, жану жылуы, от алу температурасы және күкірт құрамы; газ тәрізді отын үшін – жану жылуы, газ тығыздығы және ылғал, күкірт, конденсат, механикалық қоспалар құрамы.

8.2 Өндіріске түскен, өндірісте шығындалған және қоймалар мен резервуарларда сақтау кезінде барлық отынның есебін ұйымдастыру керек, қамтамасыз етілуі тиіс:

темір жолмен немесе автокөлікпен келген қатты отынды өлшеу немесе су көлігімен келген отынның көлемін анықтау;

келіп түскен барлық сұйық отынды өлшеу;

құралдар арқылы жағылатын газ тәрізді отынның көлемін анықтау;

қатты және сұйық отынды инвентаризациялау;

отынның сапасын периодты бақылау;

ағаш отынды өлшеу;

жеткіліксіз отынды немесе сапасы нашар болғанда өнім берішілерге нашарлығын айту.

8.3 Отынды есептеу үшін қолданылатын таразы мен басқа өлшегіш құрылғылар мен құралдар кәсіпорынның басқарушысымен бекітілген тәртіппен тексеріліп және реттелуі тиіс, мемлекеттік стандартпен мемлекеттік тексерушілерге мерзімді көрсетілуі тиіс.

8.4 Қатты отынның қоймалар территориясы отынды штабельдерге сақтау үшін жеткілікті болу керек.

8.5 Қатты отын қоймалары отынды аудару үшін, штабельге салу үшін, аудару, өлшеу, отынды сақтаудың шарттарын қамтамасыз ету (қабатты тығыздау, штабельдердегі температураны өлшеу және т.б.) химиялық талдау үшін таңдау мен бөлулерді орындау, сонымен қатар отында ұсақтар мен басқа бөлшектерді алу қондырғылары болу керек.

Қатты отынды қоймада сақтау «Отынның қауіпсіздігіне қойылатын талаптар мен олардың өндірілуі, сақталуы және тасымалдаудың өндірістік процесстер талаптары» Техникалық регламентке сәйкес ұйымдастырылуы тиіс.

8.6 Отынды аудару, оны штабельдерге салу және оны қазандықтарға беру механизацияланған болу керек.

8.7 Отын қоймаларының механизмі мен қондырғысы номиналды өндіргіштігін қамтамасыз ететін жұмыстық кезінде болу керек.

8.8 Жүккөтергіш крандарда, бульдозерлерде және басқа машиналарда, отын қоймасының механизмінде жарықтар пайда болған кезде жұмыс істеуге тыйым салынады.

8.9 Резервті механизмдер мен қондырғылар (конвейерлер, ұнтақтағыштар және т.б.) кезектеп жұмыс істеуі керек.

8.10 Қатты отынды дайындау және тасымалдау үшін қондырғылар қазандыққа басқа заттардан ажыратылған таза және ұнтақталған отын беру керек.

8.11 Қоршаушы және тоқтатқыш қондырғылардың жұмыс істемей қалған кезінде отын беру құрылғыларымен бірге жұмыс істеуге тыйым салынады.

8.12 Отын берудің және отын қоймаларының құрылғылары, машиналары мен механизмдері куәландырылғасын және тексерілген пайдалануға беріледі, машина, механизм және оларды бақылауға жауапты адамның қатысуымен жылына бір рет жүргізіледі.

Отын беру және отын қоймаларының машиналары мен механизмдерін техникалық және жөндеулік қызмет көрсету кәсіпорын басқарушымен бекітілген тәртіпте жүргізіледі.

Техникалық қызмет көрсетудің көлемі мен реті бойынша жергілікті ережелерге сай анықталады.

8.13 Отынды қоймада сақтағанда ылғалдылығы жоғарыламау мақсатында қоймалар үшін 0,5 м тереңдікте батпайтын алаң таңдалу керек. Сонымен қатар алаңнан су ағылуы тиіс, оларға көмір штабельдері орналастырылады.

8.14 Тас көмірдің өзіндік жануын болдырмау үшін тыйым салынады:
әр түрлі маркалы көмірді араластыру;
жаңбырлы күні штабельді дұрыстау, ауаның жоғары температура немесе көмір қоймасының ішінде жоғары температура;
штабельде желдеткіш каналдар орналастыру және штабельді орнату барысында қуыс жасау;
тас көмір штабелін қоқыспен, үгінділермен, торфпен және басқа тез жанғыш материалдармен шашу;
электр және телефон желілерін және басқа ағаш құрылымды заттарға тас көмірді лақтыру.

8.15 Ленталы конвейер эстакадасында және отынды беру трактысында және жүктегіш қондырғылардың жерасты бөлігінде қыс мезгілінде ауа температурасы 10 °С аз болмауы тиіс, ал ұнтақтағыш қондырғылар бөлмесінде 15 °С. Жүктегіш қондырғылардың жерүсті бөлігінде ауа температурасы 5 °С аз болмауы тиіс. Жылытқыш қондырғылары жоқ қоймаға отын беру конвейерлерінде аязға қарсы лента қолданылады.

8.16 Отынның барлық түрі мен сланец 25 мм дейін бөлшектерге ұнтақталады. Осыдан елеуіштерде 25 мм бөлшектердің 5 % аспауы керек.

8.17 Отынды ұнтақтағыш пен диірменге берер алдында металдан, қоқыстан механика арқылы жою жүргізіледі. Металл ұстағыш және жоңқа ұстағыш конвейерлер арқашан олармен бірге қосылу керек.

8.18 Отын беру трактында конвейерге, гүрсілге, ұнтақтағышқа, жоңқа және тамыр ұстағыштарға түсетін отын ені бойынша берілу керек. Гүрсілдер мен ұнтағыштарды ылғал отынмен бүлдірмеу шаралары жүргізілуі тиіс (жылыту, діріл, т.б.). Бункерлерде тұрып қалған отынды жоятын қондырғылар (қабырға жылытқыш, діріл, т.б.) жұмыс барысында болу керек.

8.19 Ғимараттың құрылымында және отын беру жүйесінде шаңның жинақталуы болмау керек. Отын беру механизмі тазалық нормаларына сай таза ауамен қамтамасыз ететін тығыздауыш қондырғылармен жабдықталуы керек. Бөлме және қондырғыларды тазалау механикалық (сумен шаю және шаңсорғыш) болу керек және белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

8.20 Конвейерлі ленталарды қосу мен жөндеу кезінде металл заттарды қолдануға болмайды. Конвейерлі ленталарды қосу мен жөндеу желімдеумен және вулканизациялаумен жүргізіледі.

8.21 Қазандықтың ішкі бункері он күнде бір рет тәртіп бойынша тексеру мен тазалау үшін жабысқан отыннан босатылу керек.

Газ немесе мазутты отынға ауысқанда бункерлер тазартылады.

8.22 Темірбетонды бункердің ішкі қабырғасы темірлі және тегіс болу керек. Бункердің ішкі жағы мен ағысу жерінде шығып тұрған бөліктер болмау керек. Бункердің ішкі бұрыштары тегістелуі немесе дөңгеленуі тиіс, шиберлер мен сөндіру қондырғыларының гарнитурасы іште шығып тұрмауы керек және бункер немесе ағызу саңылауы тар болмау керек.

8.23 Отын қоймасының және отын беру механизмдерінің күрделі жөндеуі тәртіп бойынша үш жылда бір рет, ал өтпелі жөндеу – тәртіп бойынша жасалады.

8.24 Қабылдау учаскелерінде мазутты ағызу мен теміржол цистерналарын тазалау темір жол әкімшілігімен жасалған келісіммен темір жол ережесіне сай дәл мерзімде орындалуы керек.

Ашық жерде және салқын бөлмелерде салынатын, барлық мазутарналар олармен жалпы оқшалауда бу немесе басқа жылыту серіктеріне ие болуы керек.

Мазутты шаруашылықтың металл сыйымдылықтары ортажылдық температурасы +9 °С және одан төмен аудандарында жылулық оқшалауға ие болуы керек.

Мазутты сақтау үшін сыйымдылықтар ішінен мазутты жылутудың қойма құрылғыларымен жабдықталуы керек. Қойма ішінде булы қыздыру құрылғысы орналасқан кезде қойма сыртынан қажет болған кезде конденсатты дренаждау үшін тығын құрылғыларымен ауалық және дренаж үшін штуцерлер алдын ала қарастырылуы керек.

Әрбір жер бетінгі қойма периметрі бойынша төгілген сұйықтықтың гидростатикалық қысымына есептелген, жаңғыш емес материалдардан қоршау қабырғасына немесе тұйық жер бекітпелерін алдын ала қарастыру қажетті.

Қоймалардағы отын деңгейін сменаны тапсыру-қабылдау кезінде, тікелей қоймаларда орнатылған және мазутсорғының жергілікті басқару қаңқасына шығарылған, аспаптар көрсеткіштері бойынша бақылау керек. Деңгей өлшеуіштердің көрсеткіш дұрыстығын қажеттілік бойынша аптасына бір реттен кем емес, құю деңгейіне дейін биіктік трафареттің жоғары белгісінен өлшеу люгі арқылы қойма ішіне түсірілген, лоты бар рулетка көрсеткіштері бойынша тексеру қажетті (лот және рулетка соққы кезінде ұшқын бермейтін, материалдан жасалуы керек).

8.25 Барлық ағызу қондырғылары, сорғылар және құбырөткізгіштер статистикалық электрді аудару үшін және найзағайдың әсерінен қорғау үшін жер астында болу керек. Қорғау жоба бойынша нормативті құжаттарға және найзағайдан қорғау қондырғыларына сәйкес орындалады.

8.26 Ағызу қондырғылары үшін алаңдар бетондалған және ағып кеткен мазутақа арнайы каналар болу керек.

Ағызу лотоктары мен шешілетін тармақтары ыңғайлы күйде және таза болу керек; жұмыс біткесін олар күннің көзінен және атмосфера жағдайларынан сақталатын орынға қойылу керек.

Жауынды және еріген суды мазут шаруашылығынан канализацияға алдын ала тазалаусыз құйылмауы тиіс.

Жалпы қолданыстағы суға құйылатын құрамында мұнай өнімдері бар су «Су көздеріне шаруашылық –ауыз суға, мәдениет-тұрмыстық орындағы су қолдануға, су объектерінің қауыпсіздігіне қойылатын тазалық –эпидемиялық талаптар» сәйкес бақылауда болу керек [13].

8.27 Мазутты қабылдау –ағызу қондырғысында ағызу барысында будың келесі параметрлеріне болу керек: қысым 0,8-1,3МПа (8-13кгс/см²), температура 200-250 °С.

Мазутағызуда мазут (цистернада, лотекта, қабылдау қоймасында) температурасы болу керек М40 маркасы - 40-60 °С, М100 маркасы - 60-80 °С, М200 маркасы - 70-90 °С. Күкіртті мазуттарға М40 және М100 жылыту температурасы 70-80 °С болу керек.

Температураның аз мәні винтті және алтылы сорғылармен сору барысында, ал жоғары мәні – орта сорғымен, пореньді сорғыларға орташа мәнде жасалады.

Әр түрлі маркалы мазутты қолданғанда температура тұтқырлығы жоғары мазутқа байланысты алынады.

Қабылдау қоймаларында мазуттың максималды температурасы отынның от алу температурасынан 15 °С төмен емес, 90 °С аспау керек.

8.28 Қабылдау қоймаларының ішкі тексерісі бес жылда бір рет тәртіп бойынша орындалады. Түбіндегі тұнбадан тазалануы тиіс.

8.29 Резервуарларды, лотоктарды, қабылдау қоймаларын, сүзгілерді, мазут жылытқыш және басқа қондырғыларды тазалауда жойылатын сұйық отын қалдығын қазандық территориясында сақтауға тиым салынады. Олар ошақтарға немесе арнайы орында жағылады.

8.30 Күкіртті мазутты бумен қыздыруға болмайды. Мазутты (күкірткіден басқа) бумен қыздыру беттік тәсілмен қыздыратын қондырғы болмаған жағдайы жасалады.

8.31 Мазут паспортпен қабылдануы керек, онда мазуттың саналы көргіткіштері жазылады. Мазутты қабылдау кезінде паспорт көргеткіштеріне сәйкес су құрамы және

қоспалар құрамына тексеріске үлгі алынады. Температура, қабылдау тәсілі мен уақыты, көлемі мен сапасы журналға жазылады.

8.32 Мазут металлды және темірбетонды резервуарда сақталу керек. Резервуардағы мойындық және басқа саңылаулар тығыз жабылу керек.

Темірбетонды және металлды резервуар, басқа қондырғылар ҚР СН 3.02-15-2003 «Технологиялық жобалау нормалары. Мұнай және мұнай өнімі қоймасы» талаптарына жауап беру керек.

Отынды резервуарға құю мазутты жоғары деңгейдегі саңылау арқылы жасалады.

8.33 Сұйық отынды сақтау үшін барлық қабылдау қоймалары мен резервуаларға градуирленген кестелер құралған, резервуалардың күрделі жөндеуінен кейін әрқашан жанартылып отырады.

Кесте кәсіпорын басқарушысымен бекітіледі.

8.34 Аударылатын цистерналарда бөтен тұлғалар болмау керек. Жұмыста екі адамнан кем болмау керек.

Резервуаларға шланг сұйық отынның ағысы болмайтын етін қойылады.

Сұйық отынның ағызу пүңктіңде жұмыс істеуде соққы кезінде шоқ шығармайтын құрал қолданылу керек.

Резервуарды тазалау мен толтыру күндүзгі уақытта жасалу керек.

8.35 Бекітілген тәртіп бойынша жасалады:

мазутөткізгіштер мен арматура сыртқы тексеру жылына бір рет;

арматураның таңдаулы тексерісі – төрт жылда бір рет.

8.36 Қазандыққа берілетін мазуттың тұтқырлығы аспау керек: механикалық және бумеханикалық фарсунка үшін - 2,5 °ВУ (16 мм²/с), бу және ратационды фарсунка үшін 6 °ВУ (44 мм²/с).

8.37 Отын сүзгілері бастапқы кедергісіне (таза күйінде) қарағанда 50 % асқанда есептік жүктеме кезінде (булы желдетумен, адам қолымен немесе химиялық тәсілмен тазартылу керек.

Тазалау кезінде сүзгі торын күйдіруге болмайды. Мазут жылтқыштар жылулық қуаты 30 % төмендегенде жылына бір рет тазаланады.

8.38 Резервті сорғылар, сүзгілер, жылтқыштар жарамды және жұмысқа дайын болу керек.

Резервті автоматты қосу (РАК) қондырғысының әсерінен резервті сорғының қосылуын тексеру тәртіп бойынша айына бір рет жасалу керек.

8.39 Құбырөткізгіштерді және қондырғыларды жөндеуге шығарғанда жұмыс істеп тұрған қондырғылардан сөндірулі, құрғатулы, буландырулы болу керек.

Сөндірілген отынөткізгіштердің учаскілерінде булы немесе басқа «серіктері» ажыратылады.

8.40 Мазут резервуарын іске қосар алдында (0,5 м) түбіндегі отынның ылғалдылыққа талдау жасау үшін үлгі алынады және қазандыққа мазут жоғары сулы түрі түспеу үшін шаралар қолданады.

8.41 Ысырмалар мен винтильдер қолмен ашылу керек. Олардың ашылуына рычагтар мен соққы құралдарын қолдануға болмайды.

8.42 Резервуарларды табиғи желдету жолымен отын буынан босату керек, буландыру кезінде бұөткізгіш және булы тармақтың сымы жерастында болу керек.

8.43 Резервуар ішін жарықтандыру үшін жарылысқа қарсы аккумуляторлы шамдарды қолданады, оны резервуарға кірерде қосады, шыққанда-ажыратады.

8.44 Зиянды газдар және зиянды заттар қалатын резервуарлар немесе қондырғыларға пайдаланушы персонал ішіне кіруге зертхана журналында жазылатын «Мұнай қоймаларына және жанармай құятын станцияларға қызмет көрсету барысында өндірістік қауыпсыздікке қойылатын талаптар» сәйкес зияндызаттар мен демалуға

жеткілікті ауаны анықтау үшін алынатын үлгіге және басқа жұмыстарға жауапты тұлғаның қатысуымен резервуарды және қондарғыны желдетуден кейін рұқсат етіледі.

Резервуарларды тазалау үш адамнан кем емес бригадамен жасалу керек; екеуі резервуар ішінде кезектесіп, ал үшіншісі үстінен байқап және оның құтқарушы белбеуіне байланған құтқарушы – дабыл қаққыш жіп көмегімен әр жұмысшыны бақылау керек.

Резервуар өткел мен өтпелдерін жабу алдында жұмыс жетекшісі оның ішінде жұмысшылар және материалдар, құралдар, арнайы киімдер қолданып тексеру міндетті.

8.45 Тез жанып қалатын материалдардың қорабымен жұмыс істегенде дәнекерлеу жұмыстары қауыпсыздық шараларын қабылдағаннан кейін (ыстық сумен, каустикалық ұнтақпен, бумен үрлеу жүргізгеннен) жасауға болады. Дәнекерлеу жұмыстары ашық люктар мен мойыншаларда жасайды.

8.46 Қазандықтың арынды мазутөткізгіштерінде жобаға сәйкес 0,1 МПа (1 кгс/см²) көп емес ауытқу арасында қысым сақталу керек.

8.47 Қалын және жұқа сүзгі тазалау номиналды жүктемеде бастапқы кедергісіне қарағанда 50 % жоғарлағанда жасалады.

8.48 Сұйық отынның сорғысының өтпелі және күрделі жөндеуі өндіруші-зауыт талаптарына жасалуы керек: өтпелі жөндеу 1,5 жылда бір рет, күрделі - үш жылда бір рет.

8.49 Бекітілген тәртіп бойынша аптасына бір рет қазандыққа жағылуға берілетін отынның қысымы, температурасы жоғарлауы не түсуі жайлы дабылды, қашықтық денгей өлшеуіштердің басқару қалқанына шығарылған көсеткіштерінің дұрыстығын, резервуарда және қабылдаушы қоймаларда отынның температурасын өлшейтін құралдарды тексеру жүргізілу керек.

8.50 Қазандықтың газ шаруашылығының қызмет көрсетілуі «Газбен қамтамасыз ету қауіпсіздігіне сай талаптар» Техникалық регламентке сәйкес ұйымдастырылу керек.

Газ шаруашылығын қызмет көрсеткенде қамтамасыз етіледі:

қажетті қысымда газды үздіксіз ашық жанарғысына беру;

жіберілетін газдың көлемі мен сапасын бақылау;

қондырғының қауіпсіз жұмысы және оның қауіпсіз техникалық қызмет көрсетілуі мен жөндеуі жүргізу;

мерзімді және сапалы техникалық қызмет көрсету мен қондырғы жөндеуі;

қондырғының техникалық жағдайына және қауіпсіз қызмет көрсетілуіне бақылау.

8.51 Қазандықтың газ шаруашылығын қызмет көрсетуге шығару объекті қабылдау акті болғанда, газөткізгіштерінің технологиялық сұлбелері болғанда, газды қауіпсіз қолдану бойынша ережелер мен қызмет көрсетуші құжаттар болғанда, мүмкін апаттардың жоспары, газ шаруашылығына қызмет көрсетуші жұмысшылар мен инженер – техникалық жұмысшылардың білімін тексеру мен оқытылу құжаттары болғанда, газ шаруашылығына жауапты тұлғаны тағайымдау бұйрығы болғанда ғана рұқсат беріледі.

8.52 Газреттеуші пункттің (ГРП) газөткізгіші мен қондырғыларына газ құбырын, қондырғысын, бақылау - өлшегіш құралдарын және ГРП бөлмесін мінездейтін негізі көрсеткіштері бар құжат құрастыралады.

Құжатқа газқұбырларының және ГРП қондырғысының жөндеуі туралы мәлімет енгізілуі керек.

8.53 Қазандықтарда кәсіпорын басшысымен бекітілген газ зиянды жұмыстар мен нақты өндірістік шартта қарастырылған қауіпсіздік және дайындық ретін анықтайтын нұсқаулар болу керек. Барлық газ қауіпті жұмыстар ретпен орындалады, ал қызмет көрсетуге шығару, газ қосу, газқұбырын қосу, газқұбырын жөндеу және «газ астындағы» қондырғылар, газ дәнекерін және газ кесуін қолданатын ГРП-дағы жұмыстар ретімен және арнайы жоспармен жасалады. Газ қауіпті жұмысқа құқығы бар тұлғалар кәсіпорын бұйрығымен тағайындылады. Газ қауіпті жұмыстар тізімі жылына бір рет қарастылып бекітілуі керек.

Жұмыс жоспарында жасалатын жұмыс, адамдарды орналастыру, жауапты тұлғалар, миханизмде және аспаптарға тұтынушылық қатал реттік көрсетіледі және максималды қауыпсыз жұмыспен қамтамасыз ететін шаралар қарастырылады.

8.54 Қазандықтың газкұбырында газ қысымының ауытқуы жұмыс қысымынан 10% аспауы керек.

Тәртіп бойынша айына бір рет қысымды автоматтық реттеуден кейін қазандықтың газкұбырында максималды және минималды газ қысымының дабыл тексерілуі керек.

8.55 Газды айналу жолы бойынша (байпас) арматураға және қондырғы ремонттына қажетті уақытта, қысым реттеуішке сенімді жұмыспен қамтамасыз етпейтін шамаға дейін газреттеуіш пунке немесе газреттегіш қондырғылардың алдында газ қысымын төмендету кезінді жіберіледі. Жұмыс екі адам бригадасымен жасалады, оның біреуі басшысы болып тағайындалады.

8.56 Газкұбырын газбен толтыру кезінде барлық ауаны шығару керек. Үрлеу соңы алынатын үлгілердің жағалуы мен талдауы арқылы анықталады, газда оттегі құрамы 1% аспау керек, ал газдың жануы жай соққылассыз өтуі керек.

Газкұбырында үрлеу жасағанда газ ауалы қысымның шығуы ғимараттың ішіне және от көзі бар жерден өзгеше жерде болуы керек.

Газкұбыры газдан босатылғанда барлық газ ауамен шығуы тиіс. Үрлеу соңы талдаумен анықталады, үрлейтін ауада газ құрамы 1/5 жанатын газдан аз болу керек.

8.57 Қазандық территориясында орналасқан газкұбырларының жерасты трассасын қарау екі күнге бір реттәртіп бойынша жасалады. Газкұбырларының құдықтары газдалғанына назар аударылу керек, сонымен қатар газкұбырларының басқа жақтарында 15 м дейінгі ара қашықтықта құдық (телефон, суқұбыры, жылулық), коллекторлар, ғимараттар астыңғы қабаты және басқа бөлмелер тексеріледі.

Аталған жерлерде газдың жинақталуы анықталса, онда газ құбырынан 50 м радиустағы құдықтар, астыңғы қабаттар және басқа жерасты бөлмелер тексерілу керек.

Ғимараттар мен жерасты бөлмелерді желдетумен бірге газдың ағып кеткен жерін анықталып жойылуы керек.

8.58 Жерасты құрлыстарды қызмет көрсету үшін бақылаушыларға нөмірленген маршруттыкартаберіледі. Олардың әрқайсында газкұбырыныңтрасса сызбасы мен ұзындығы, жерасты коммуникацияның құдығы және 15 м қашықтықта орналасқан ғимараттың жерасты бөлмелері көрсетіледі.

8.59 Жерасты бөлмелерде, коллекторларда, құдықтарда және басқа жерасты құрылыстарда газдың бар болуын жарылыстан қорғалған қолданыста газталдағышпенанықталады.

Ғимараттың астыңғы бөлігінде ауа үлгісінің сынауы соның ішінде газталдағышпен жасалады.

Коллектордан, құдықтан басқа жерасты бөлмелерінен ауа үлгілері алынған кезде онда түсу тыйым салынады.

Жерасты бөлмесінде, құдық қасында, коллекторларда және басқа жерасты құрылыстарда табылған кезде шылым шегеге және ашық отпен жұмыс істеуге болмайды.

8.60 Жерасты газкұбырының тығыздығын және оқшаулануын тексеру грунтты ашпай құралдар көмегімен ол жылда бір рет тәртіп бойынша газкұбырының пайдалануына байланысты ұйымдастырылу керек. Тексеріс нәтижелері газкұбырының құжатына енгізіледі және жөндеуінің мірзімі мен түрі тағайындалған кезде есептелуі керек.

8.61 Қазандықтың газкұбырының тексерілуі кезекте бекітілген график бойынша бір рет жүргізіледі, ал газкұбырлары мен арматура тығыздық қысылулары газдың сыртқа ағып кетуінен (иіс, дыбыс) сабынды эмульсияны қолданып тексереді.

Газ ағып кетуін анықтауға ашық отты қолдануға болмайды.

8.62 Еденнен 0,25 м және төбеден 0,4-0,7 м деңгейде ауаны газдануының талдау үлгісімен ГРП бөлмесінің ішкі және сыртқы тексерілуі тәулік сайын жасалады.

8.63 Газ қондырғысының техникалық қызмет көрсетілуі айына бір рет тәртіп бойынша жасалады. Жоспарлық жөндеу қысым реттеушіні, сақтағыш клапаны, сүзгіні қарастырумен жылына бір рет жасалады.

Сүзгілік кассетаны алып шыққаннан кейін сүзгі қаңқасы жақсылап тазалану керек. Кассетаның қарастырылуы мен тазалануы бөлмеден тыс жасалады. Сүзгіні тазалау техникалық регламентте көрсетілетін қысымның ауысуына байланысты жүргізіледі.

8.64 Сақтағыш қондырғылардың әрекеті мен құрастырылуын тексеру және автореттеу құралдарын тексеру қондырғының ұзақ уақытта тоқтатылуына байланысты (2 айдан көп) газдың жіберілуіне дейін жүргізіледі, сонымен қатар қызмет көрсету кезінде 2 айда бір рет жүргізіледі.

8.65 Жерасты газқұбырының электрхимиялық қорғау қондырғысын жөндеу жылына бір рет тәртіп бойынша жасалады.

8.66 Газқұбырлары тәртіп бойынша штуцерлер арқылы дренаждалу керек, газқұбырларының астыңғы нүктесінде орнатылады. Конденсат қозғалмалы қоймаларға жиналады.

Газқұбырында жиналған сұйықтықты канализацияға төгуге тыйым салынады.

9 Жылуөндіргіш энергоқондырғылары

9.1 Жалпы тәртіп, негізгі технологиялық операциялардың жасалу шарттары өндірістік ережелермен «Су жылытқыш және бу қазандарына қойылатын талаптар» технологиялық регламентіне, «Қысымда жұмыс істейтін қондырғылардың қауыпсыздігіне қойылатын талаптар» технологиялық регламентке [11] сәйкес орнатылады. Өндірістік құрылғыларға қойылатын қауыпсыздік талаптар және бу қазандары мен су жылытқыш қазандарды қауыпсыз қолдану.

9.2 Қазандарға қызмет көрсетілген кезде қамтамасыз етілу керек:
негізгі және көмекші қондырғылардың берік және қауіпсіз жұмыс;
қазанның номиналды өндіргіштігі, параметрі және су мен бу сапасы;
тексеріс негізінде және зауыттық ережелерге сай орнатылған энергия үнемдеуші жұмыс тәртібі;

қазан әр түріне және жағылатын отынына анықталған жүктеменің реттеу диапазоны;

қоршаған ортаның минималды ластануы.

9.3 ҚР ТЖМ бақылауындағы қайтадан жөнделген қазан агрегаттарының пайдалануға жіберілуі «Су жылытқыш және бу қазандарының қауіпсіздігінің талаптары» Техникалық регламентіне, «Газбен қамтамасыз ету қауіпсіздік талаптары» техникалық регламентіне, темір конструкциялы бу қазандары және су жылытқыш қазандықтарды техникалық куәландыру бойынша әдістемелік көрсеткіштерге сай тіркелгеннен кейін және куәландырылғаннан кейін ҚР мемлекеттік бақылау төтенше жағдай және өндірістік қауыпсыздік комитетінің № 31 2010 жылдың 11 қазан айының бұйрығымен рұқсатталады [3].

9.4 ҚР ТЖМ бақылауда емес қазандарды пайдалануға беретін кәсіпорын әкімшілігі аралық тексерісті тәртіп бойынша қазанның техникалық куәландыруын және нәтижелерін қазан құжатына енгізу керек. Қазанды басқа иеге беруде құжатта беріледі.

ҚР ТЖМ бақылаудағы қызмет көрсетуші қазандардың кәсіпорын әкімшілігі ҚР ТЖМ өкілетті мүшесінің нормативті құжаттарымен қарастырылған техникалық куәландыруды периодты жүргізеді.

9.5 Жаңа, қайта құрылатын қазандықтарды қызмет көрсетуге шығарғанда қазандықтың берік және үнемді жұмысын қамтамасыз ететін қазандар, көмекші қондырғылар, жабдықтар және жүйелер бойынша қосылу жұмыстары жүргізіледі.

Қосылу тексерістерін жүргізгенде және олардың негізінде қазандардың жұмыс тәртібі орнатылады және тәртіпті карталар жасалады.

Қосылу тексерістеріне кіреді:

дайындық жұмыстары;

қондырғыны қабылдау;

қосу жұмыстары;

уақытша тәртіптік картаның берілуімен комплекстік тексеріс.

9.6 Отынның басқа түріне немесе маркасы ауысканда отын мінездемесі өзгергенде, жылутасмалдағыштың бірімен параметрлерінен өтпелі жөндеу кезінде ауытқуы қазанның жұмыс тәртібін өзгерту үшін және көмекші қондырғылардың тәртібін өзгерту үшін жедел жөндеу тәртіпті тексеріс жасамды тиіс және жаңа тәртіпті карталар құрастырылады.

Жөндеу- тәртіпті тексеріс көлеміне кіреді:

дайындық жұмыстары;

сынақтық жұмыстар;

тәртіпті карта берумен баланстық тексеріс.

9.7 Тәртіпті-жөндеу сынақтары қатты және сұйық отындағы қазандар үшін бес жылда бір рет және газ тәрізді отындағы қазандар үшін үш жылда бір рет жасалады. Ақырғысының тұрақты жұмыс кезінде ҚР ТЖМ өкілетті мүшелерімен келісім периодтығын жоғарлату мүмкін.

9.8 Қосылу –жөндеу жұмыстары мен тәртіпті –жөндеу жұмыстары персоналдың жұмыс тексерісінен және ҚТЕ, ТПЕ, ӨҚЕ бірімен тексергеннен кейін және лауазымдық ережесін өткесін арнайы мекемелермен немесе жоғарыда аталған жұмыстарды өткізу үшін ТЖМ өкілетті органдарының аймақтық бөлімшесінің рұқсатын алған, жөндеу тобымен қызмет көрсету мекемелерінің (тапсырыс беруші) персоналымен жасалады. Қазандықтың қазандары мен басқа қондырғылары арнайы қондырғылармен және қосылу-жөндеу жұмыстары мен тексерістерін жасау үшін құралдармен қамтамасыз етілу керек.

9.9 Қосылу - жөндеу жұмыстарын және тәртіптік тексерістерді жасау кезінде коммуналды жылытқыш қазандықтарды қызмет көрсетуші кәсіпорын тәртіпті орнату үшін, құралдардың көрсеткіштерін жазу үшін және басқа көмекші операцияларды жазу үшін қажетті қызмет көрсетуші персонал көлемін анықтау керек.

Қосылу – жөндеу жұмыстарын және тәртіпті-жөндеу жұмыстарын қауіпсіз орындауын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар жүргізілу керек және жұмысқа кірісуге қауіпсіздік шаралары қадағалану керек.

9.10 Бу және су жылытқыш қазандар қызметкөрсетуге шығарда қосылу алдындағы тазалауға және өндіруші - зауыт ережесімен сәйкес химиялық тазаланған сумен шайылу керек.

9.11 Қазанның жөндеуден кейін немесе резервті ұзақ уақыт болғанда (үш тәуліктен көп) қосу алдында көмекші қондырғылардың, бақылау – өлшегіш құралдардың арматурамен және механизммен ара қашықтық басқару құралдары, автореттеулер, қорғау, сақтау жабдықтары және жедел байланыс құралдарының дұрыстығы және дайындығы тексерілу керек.

Қазанның тоқтауына әсер ететін қорғау және сақтау қондырғыларын қосуға болмайды.

9.12 Қазанның іске қосылуы қазан цехы басшысының жазбаша бұйрығымен немесе аға машинист басқаруымен жасалу керек, олар болмаған жағдайда және күрделі жөндеуден кейін – қазандық басшысымен немесе оның орынбасарымен журналға енгізілумен жасалады.

9.13 Қазандар от алу алдында деаэрленген сумен толтырылу керек. Қазандық деаэрация қондырғысы болмаған жағдайда химиялық тазаланған сумен толтыруға болады.

9.14 Су жылытқыш қазанды от алу кезінде шығындалатынын су белгіленген мөлшерден аз болғанда тыйым салынады.

Су жылытқыш қазанды от алу алдында желілік су шығыны орнатылуы керек және белгіленген минимал мөлшерден аз болмауы керек.

9.15 Қазанды от алу алдында және тоқтатудан кейін ошақ пен газ жүрісі газ - ауа трактынын ашық шибері кезінде номиналды ауа шығыны 25 % 10 минуттық аралықта түтінсорғыштармен үрлегіш желдеткіштермен және рециркуляциялық түтінсорғыштармен желдетілу керек.

Үрлеумен жұмыс істейтін қазандардың жеделдетілуі, су жылытқыш қазандардың түтінсорғышы жоқ болған жағдайда желдетілуі үрлегіш желдеткішпен және рециркуляция түтінсорғышымен жасалады.

Бу-сулы трактта сақталған шығынды қысым кезінде суымаған күйінде қазанды от алу алдындағы желдету жанарғыны жағу алдында 15 минутта басталу керек.

9.16 Газда жұмыс істейтін қазанды от алуға дайындауда жапқыш мүшесінен қазанға дейін газқұбыры учаскесі «шам» арқылы газбен үрлену керек және газ талдау жасалады.

9.17 Тұрақты тартуы бар қазанды от алу алдында түтінсорғыш пен үрлегіш желдеткіш қосылу болу керек, ал үрлеумен жұмыс істейтін қазандарды от алу – үрлегіш желдеткіштер.

Үрлеу уақыты газарнаның диаметрінен және ұзындығынан тәуелді болады. Үрлеудің аяқталуын газ сынауымен тексереді.

9.18 Бу қазаны от алудан бастап барабандағы су деңгейі қадағалану керек.

Су көрсеткіш құралдардың үрлеуі қазанда шығындық қысым 1 кгс/см^2 (0,1 МПа) болғанда және басты букқұбырына қосылғанда жүргізілу керек.

Барабанда су деңгейі от алу кезінде су көрсеткіш құралдармен сәйкестендірілген төмендетілген гидравликалық және электрлік көрсетулер бойынша бақыланады.

9.19 Судың үстіңгі деңгейі қазан жұмыс істегенде өндіруші – зауытпен орнатылған және қосылу – жөндеу тексерісімен өзгертілген деңгейден аспау керек. Төменгі деңгей өндіруші – зауытпен орнатылған деңгейден кем болмау керек.

9.20 Әр түрлі жылулық тәртіптегі қазанды от алу кезінде өндіруші – зауытпен орнатылған ереже негізінде және қазанның тексеріс нәтижесі бойынша тәртіппен жасалады.

9.21 Суық күйіндегі қазанды от алу процессінде барабанның, коллектордың және экранның жылулық орын ауыстыру репері бойынша жасалу керек.

9.22 Егер қазанды іске қосу алдында фланецті қосулар және өтпелдер жұмыстары жүргізілген болса, онда артық қысымы 3 кгс/см^2 (0,3 МПа)-нан асқанда болтты қосулар тартылып қысылу керек. Жоғары қысымда тұрған болтты қосуларды тартуға болмайды.

9.23 Қазанды жалпы букқұбырына қосу букқұбырларының қосылуын қыздырғаннан кейін және дренаждаудан кейін жасалады. Қосылу кезінде қазан ішінде будың қысымы жалпы букқұбырының қысымын тең немесе бірнеше рет төмен ($0,5 \text{ кгс/см}^2$ (0,05 МПа аспау керек)).

9.24 Қазанның жұмыс тәртібі қондырғының тексерісі негізінде, монтаж және өндіруші – зауыт жөндеуінің ережесі негізінде жасалған тәртіптік қартаға сәйкес болу керек. Қазанды қайта құру кезінде және отынның маркасы мен сапасы өзгергенде тәртіптік қарта өзгертілуі керек.

9.25 Қазан агрегатының газ жағындағы қыздыру беттері оптималды тәртіпті және тазалаудың механикалық жүйесін (булы, ауалы және сулы аппараттар, импульсті тазалау, діріл тазалау, дробьпен тазалау қондырғылары) қолданып таза күйінде болу керек.

Қашықтық және автоматикалық басқару құралдары іске дайындық күйінде болу керек. Осы қондырғылардың дұрыс еместігі кезінде қазанды қосуға тыйым салынады. Қыздыру бетінің тазалау периодтылығы қызмет көрсету бойынша ережемен және тәртіппен регламенттелген болу керек.

9.26 Мазут форсункаларын орнына орнату алдында өндіргіштігін, шаңдану сапасын және ошақтың ашылу бұрышын тексеру үшін сулы қабырғада тексерілуі тиіс. Қарамай қазанына орнатылатын жинақтағы бөлек форсункаларды номиналды өндіргіштік айырмашылығы 1,5 пайыздан аспау керек.

Қабырғада тексерістен өтпеген форсункаларды қолдануға тыйым салынады.

9.27 Қарамай форсункаларының жұмысы, сонымен қатар ауа жүйесі орнатылмаған от алу форсункаларының жұмысына тыйым салынады.

Қазанның механикалық және қарамай құбырларының форсункаларын үрлеу үшін бу жіберу қондырғысы бу өткізгішке қарамайдын түсу мүмкіндігін болдырмау керек.

9.28 Қазанды қызмет көрсету кезінде ауа жылытқышқа түсетін ауа температурасы келесі көрсеткіштерден кем болмау керек:

күкірт құрамы 0,5 % - 110 °С қарамай;

- || - 0,5 % көп, 90 °С төмен емес.

Күкіртті қарамайды жаққанда ауаның алдын ала қыздырылу температурасы қазанның жүктемесін реттеу диапазонында кестесінде газ температурасы 150 °С кем болмау керек.

Ошақтан шығарда (1,03 кем емес) немесе эффектті коррозияға қарсы заттарды қолдануға (материалдар, жабулар) ауа температурасы, аз коэффициентті ауа шығынымен қарамайды жағуда, ауа жылытқыш алдында орнатылған шамалардан төмен және қызмет көрсету тәжірибесі негізінде орнатылу керек.

Күкіртті қарамайдағы қазанды от алу ауаны алдымен жылыту жүйесінің қосылып тұрған күйінде (калорифер, ыстық ауа айналма жүйесі) жасалады. От алудың бастапқы кезеңінде ауа жылытқыш алдындағы ауа температурасы 110 °С төмен болмау керек.

9.29 Шойын су жылытқыш қазандардың қондырғыларында қазанның қыздыру беттерінің интенсивті төмен температуралы күкірт-қышқылды коррозиясын болдырмау үшін күкірт құрамы 2 % және одан көп негізгі немесе резервті отын қарамай кезінде базалық тәртіпте жұмыс істейтіндерде қайта айналмасыз жұмысқа тыйым салынады, яғни қазаннан шығатын ыстық судың біраз бөлігін іріктеусіз және қазанға кіретін жылу желісінен қайтару суын онымен 110 °С дейін жылытусыз жүргізілмейді.

9.30 Бу өндіргіштігі 2,5 т/сағ және жоғары бу қазандары және жылу өндіргіштігі 1,5 Гкал/сағ жоғары шойынды су жылытқыш қазандардың олардың қатты отында жұмысы кезінде қазанның бункеріне отынның түсуі үшін, қожды жою үшін, күлдік қалдықтардан қыздыру беттерін тазалау үшін механикалық қондырғылары болуы тиіс.

9.31 Қазандардың барлық газ тракты мен ошағы газтығызды болу керек.

Қазан агрегатында ауа сорылуы келесі көрсеткіштерден аспау керек (қазанның номиналды жүктемесі үшін теориялық қажетті ауа көлемі, %):

Қазанға жеткілікті газ жүрісі және ошақ.....5.

Су экономайзері немесе ауа жылытқыш.....10.

Газ жүрісі (10м).....5.

Күлұстағыш.....5.

Қазанның және газжүрісінің беттерін жабатын қаптамалар айына бір рет ауа сорылуын анықтау және тексеріліп отыру керек. Ошаққа сорылулар жылына бір рет және күрделі жөндеу алдынан және кейін анықталу керек. Ошақтың және қазанның тығыздамалары жойылу керек.

9.32 Жөндеу бойынша ережені өзгерту және тәртіптік картаны жасау үшін қазанның жөндеу тексерісі конструкциялық өзгертулер енгізгеннен кейін, отынның басқа түріне немесе маркасына ауысқаннан кейін қызмет көрсетуге шығарылғанда жасалады.

Жөндеу тексерістерін орындау үшін қажетті жабдықтармен орнатылу керек.

9.33 Қазанды жөндеуге және резервке шығарғанда қысым астында деаэрацияланған суды толтырып бу-сулы трактты және желілік су трактын консервация бойынша шаралар қолдану керек. Егер үш тәуліктен көп болса, онда сумен толтыру барысында консервациялық реагенттерді қосуға болады.

9.34 Қазанның қыздыру беттерінен ішкі қалдықтар от алу кезінде және тоқтату кезінде және химиялық тазалау кезінде сулы шаюларда жойылады.

Химиялық тазалау периодтылығы ішкі қалдықтардың көлемдік талдау нәтижелері бойынша жергілікті ережелермен анықталу керек.

9.35 Барабанды тез арада суыту мақсатында тоқтатылған қазанды қоректендіруге болмайды.

Табиғи циркуляциямен тоқтатылған қазаннан суды ағызу ондағы қысымды атмосфералыққа дейін төмендеткенде болады, ал вальцтік қосуларда-су температурасы 80 °C аспауы керек. Су жылытқыш қазанның суды ағысуға қайтару құбырындағы судың температурасына тең болғанда суды 70 °C дейін суытқаннан кейін рұқсат етіледі.

9.36 Қазанды резервке тоқтатқаннан кейін газ жүрісін және ошақты желдеткеннен кейін газ ауалы тракттың баолық шибері, өтпелдері және люктері, санымен қатар сорғыш-үрлегіш қондырғылардың бағыттаушы аппараттары тығыз жабық болуы тиіс.

9.37 Қыс мезгілінде қазан резервте және жөндеуде болғанда ауа температурасын бақылау орнатылуы керек.

Қазандықтың сыртқы және ашық компоновка 0 °C төмен температурада ошақтағы және газ жүрісінде, барабан қасында, үрлегіш және дренажды қондырғылар қасында, импульсті сызықтар және бақылау-өлшеуіш құралдар датчиктерінің қасында ауаның жоғары температурасын сақтау шаралары қолдану керек, сонымен қатар қазандағы су қыздырылуы және экранды жүйе арқылы оның циркуляциясын бақылау керек.

9.38 Қазан ремонтқа шығар кезінде тоқтатылғаннан кейін суыту тәртібі қызмет көрсету бойынша ережелермен анықталады. Тарту-үрлеу машиналармен табиғи айналмалы қазанды суыту барабанда пайда болатын үстіңгі және астыңғы металл температураларының айыршылығы анықталғаннан кейін рұқсат етіледі.

Тура ағынды қазандарды суыту тоқтағаннан кейін бірақ жүргізіледі.

9.39 Тоқтатылған қазанға кезекші персоналдың бақылауы қысым төмендегенде және электрқозғалтқыштардан кернеу түскенде жүргізіледі; су жылытқыш қазандарда ауажылытқыштар және кететін газдардың ауданында газ бен ауа температураларын бақылау тоқтағаннан кейін 24 сағаттан соң тоқталу керек.

9.40 Қатты және газ тәрізді отында жұмыс істейтін қазандар, сонымен қатар мазут резервті немесе от алушы отын болғанда мазут шаруашылығы мен мазутөткешітер сызбасы қазанға мазутты тез арада беруге дайын болу керек.

9.41 Қазандықта газ немесе мазут құбырлары жарылған кезде немесе мазут (газ) ағып кетулерде бұзылған жерлерден ағып кетулерді тоқтату үшін мазут сорғы станциясынан және жабқыш арматурасын жабу керек, сонымен қатар өрт және жарылыс ескерту шаралары қолдану керек.

9.42 Қазан міндетті түрде тоқтатылу керек немесе өндірістік ережелермен персоналмен немесе қорғау жүйесімен сөндіру керек:

- а) бу және су жылытқыш қазандар үшін:
 - сақтау клапаның істен шығуы анықталғанда;
 - барлық қоректік сорғылардың тоқтатылуында;

қазанның негізгі элементтерінде (барабан, көллектор, камера, бу-су қосу және су түсіру құбыры, булы және қоректік құбырөткізгіштер, ыстық құбыр, оттық қорап, ошақ, құбыр тор, сыртқы сепаратор, арматура) жарықтар, шығынқы доғалар, дәнекер тігістерінде ағып кетулер, анкерлі болты немесе байланыстың үзілу кезінде;

камерлі жағуда ошақтағы оттық өшуінде;

барлық бақылау-өлшеуіш құралдарда, қашықтық және автоматикалық бақылау қондырғыларында кернеу жоғалғанда;

қазанның тоқтатылуына арналған технологиялық қорғау жұмыс істемей қалғанда;

қазанның газқұбыры үзілгенде;

ошақта жарылыс болғанда, газ жүйесінде жанғыш қалдықтар жанғанда немесе жарылғанда, қазанның қаңқасының болкалары қызғанда;

персоналға зиян келтіретін және қондырғыларға зиян келтіретін бұзылулар және қаптаманың құлауында;

персоналға немесе қондырғыға зиян келтіретін өрт болғанда, сонымен қатар қазанның қорғау жүйесіне кіретін арматураны сөндіретін қашықтық басқару арқылы;

б) «а» пунктінде көрсетілгеннен басқа бу қазандары үшін:

барабанды қысым белгіленген қысымнан 10 % өссе және өсіп бара жатса;

су деңгейі ең жоғары деңгейден өссе;

барлық су көрсеткіш құралдардың істен шығуы кезінде;

в) «а» пунктінде көрсетілгеннен басқа су жылытқыш қазандар үшін:

қазан арқылы су шығыны белгіленгеннен шамадан төмен түскенде;

қазан трактысында судың қысымы белгіленген шамадан түскенде;

қазаннан шығарда судың температурасынан 20 °С жоғарланғанда, қазанның шығу коолекторында жұмыс қысымына сәйкес.

Оперативті персонал қазанды апаттық тоқтатылуының себебі және оларды жою шаралары туралы журналға жазу керек.

9.43 Қазанды ұзаққа тоқтатқанда немесе жөндеуде, жылытқыш қазандықты жазғы уақытқа тоқтатқанда қазанның газқұбырлары сөндірілуі және үрленуі керек, ал тоқтатқыш қондырғылардан кейін – жабын тоқтатқыш тығыздалу керек.

9.44 Қазанның зақымдалуына себеб болатын, жұмыс режимі бұзылған кезде қазанның тоқталуын, апаттық жағдайларды жоюды, жұмыстың қалыпты режимін жүргізуді қамтамасыз ететін, автоматика, сигнализация және қорғау болған кезде қызмет көрсету қызметкерлердің жағынан қазандардың жұмысын тұрақты бақылаусыз қазандарды пайдалануға рұқсат етіледі.

9.45 Отынды камералық жағу кезінде персоналдың тұрақты бақылаусыз жұмыс келесілерді қамтамасыз ететін, автоматика болған кезде рұқсат етіледі:

- жойылған диспетчерлік басқару аспапбетінен жұмыс режимін бақылау және жүргізу;

- жойылған диспетчерлік басқару аспапбетіне бірмезгілді сигнал беруімен қазанның қирауына себеп болатын, режимдер бұзылған кезде қазанның тоқталуы.

Осы кезде жойылған диспетчерлік аспапбетінде тәуліктік кезекшілікті ұйымдастыру қажетті.

9.46 Тұрақты қызмет көрсету қызметкерлерсіз жұмыс істейтін, қазан бөлмелерінде, жойылған диспетчерлік аспапбетіне сигналдар шығарылуы керек (жарық және дыбыс сигналдары):

- жабдықтың бұзылуы, осы кезде қазан бөлмесінде шақыру себебі тіркеледі;

- қазан бөлмесін отынмен жабдықтаудың бас жылдамәрекеттесуші тығын клапанның жұмыс істей бастау сигналы;

- пайдаланылатын газтәрізді отынның немесе СО тұтанғыштықтың төменгі шегінен 10 % артық бөлмелердің газдалуы;

- өрт;
- рұқсат етілмеген ішке кіру.

9.47 Жойылған диспетчерлік аспапбетіндегі қызметкерлер құрамы лауазымдық нұсқауларға және жоғары тұрған шұғыл персоналдың шұғыл бұйрықтары, пайдалану бойынша нұсқауларына сәйкес қазан бөлмесіндегі жабдықтар жұмыстарының қауіпсіз, сенімді және тиімді режимін жүргізу тиісті.

Персоналдың жұмыс орнын қатар қолдану жойылған диспетчерлік аспапбетіне оның жұмысы кезінде сменада толық емес құраммен жұмыс істеуге коммуналдық жылыту қазан бөлмесін пайдаланатын, кәсіпорын басшылығының жазбаша бұйрығы бойынша ғана рұқсат етілуі мүмкін.

9.48 Жойылған диспетчерлік аспапбетіндегі персонал смена кезінде оның басқаруына немесе қолында болатын, жабдықтарды пайдалану үшін жауапкершілікті арттады, нағыз Ережелерге, жабдықтарды дайындау-зауыттардың нұсқауларына және жергілікті нұсқауларға, қауіпсіздік техника ережелеріне және басқа басқарушы құжаттарға сәйкес, сонымен қатар жоғары тұрған басшылықтардың бұйрықтарын шартсыз орындау.

9.49 Жұмыс режимдері бұзылған кезде, жабдықтар қираған кезде, сонымен бірге өрт пайда болған кезде жойылған диспетчерлік аспапбетіндегі персонал жұмыстың қалыпты режимін қалыптастыруға және апаттық жағдайды жоюға, технологиялық бұзылу дамуын алдын алуға шараларды дереу қабылдайды, сонымен бірге болған жағдай туралы бекітілген тізім бойынша сәйкесінше персоналған, мамандарға және басшылыққа хабарлайды.

9.50 Үнемі қызмет көрсету персоналсыз қазан бөлмесі жұмыс істеген кезде автоматтандыру құралдарының жұмысын бақылау тәулік бойы жүзеге асырылады. Аспаптар көрсеткіштері бойынша бақылаулар мәліметтері және жабдықтар күйі арнайы журналға жазылуы керек.

9.51 Автоматтандыру құралдарын дұрыс күйде қолдау бойынша жұмыстар жүйелілігі және көлемі олардың дайындаушы-зауытымен анықталады.

9.52 Қатты және сұйық отынды қонтейнерлік, салынған және қосарлана салынған автономды қазан бөлмелері үшін қазан бөлмесінен тыс орналасқан отын қоймасы алдын ала қарастырылуы керек және отынның тәуліктік шығыны бойынша есептелген, сыйымдылықпен, жылытылатын ғимараттардан, келесі сақтау мерзімінен шыға:

- қатты отын – 7 тәуліктен кем емес;
 - сұйық отынның – 5 тәуліктен кем емес.
- Сұйық отынның сыйымдылықтар саны осы кезде нормаланбайды.

9.53 Қазан бөлмесінің отынның тәуліктік шығыны анықталады:

- есептік жылу қуат кезінде олардың жұмыс режимімен шыға бу қазандары үшін;
- бу қазандары үшін есептік жылу қуаты кезінде олардың жұмыс режимінен шыға отырып;
- су жылытатын қазандар үшін ең суық айдың орташа температурасы кезінде қазан бөлмесінің жылулық жүктеме режиміндегі жұмысынан шыға отырып.

9.54 Өнеркәсіптік кәсіпорындардың өндірістік ғимараттары үшін төбелік қазан бөлмелерін су температурасы 115 °С дейін және бу қысымы 0,07 МПа (0,7 кгс/см²) дейін қазандарды пайдалануымен пайдалануға рұқсат етіледі. Осы кезде осындай қазан бөлмелердің жылу қуаттылығы ғимараттың жылу мұқтажыдығынан аспауы керек, қайсысының жылу жабдықтыалуы үшін ол арналған.

9.55 Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың төбелі қазан бөлмелері тұрақты қызмет көрсетуші персоналсыз қазан бөлмелерін пайдаланған кезде тұтынушыларды ыстық сумен және жылумен қауіпсіз үздіксіз, энергиятиімді жабдықтауды қамтамасыз етуі керек.

9.56 Автономды қазан бөлмесінің жалпы жылу қуаты төмендегіден аспауы керек:
3,0 МВт – сұйық және газтәрізді отынмен қазандармен төбелік және салынған қазан бөлмелері үшін;

1,5 МВт – қатты отындағы қазандармен салынған қазан бөлмелері үшін.

Контейнерлі және салынған қазан бөлмелерінің жалпы жылулық қуаты шектелмейді.

9.57 Биіктігі 10 қабаттан артық (26,5 м) ғимараттарда төбелі қазан бөлмелердің орналасу мүмкіндігі ҚР ТЖМ өкілетті органның аймақтық бөлімшесімен келісім бойынша шешіледі.

9.58 Төбелі қазан бөлмелерді орналастыруға рұқсат етілмейді:

мектеп және балалар мектеп алдыңғы мекемелердің ғимараттарында;

емдеу мекемелерінің, шипажайлардың және дем алу үйлердің ғимараттарында;

50 адамнан артық адамдар санымен қоғамдық ғимараттардың бөлмелерінде;

ҚР ТЖМ өкілетті органының аймақтық бөлімшелерінің келісімісіз өндірістік бөлмелер мен қоймалар үстінен;

тұрғын үйлердің жабындарында тікелей (тұрғын бөлменің жабыны қазан бөлмесінің еден негізі бола алмайды);

тұрғын үйлермен қосарлана.

9.59 Жылугенерациялық құрылғыларды қауіпсіз пайдалануын қамтамасыз ету үшін жылугенерациялық қондырғыларды пайдалануды жүзеге асыратын, бөлімше жетекшісі жауапкершілік арттады.

10 Қосалқы қондырғылары

10.1 Су дайындау, су – химиялық тәртіп және химиялық бақылау

10.1.1 Су дайындау қондырғыларын және су – химиялық тәртіпке қызмет көрсету тәртібі жылу тасымалдағыш беттерде пайда болған қақтар мен қалдықтардың, қазандықпен жылу желілерінің құбырөткізгіштерінде және қонжырғыларында қождардың, су дайындау және жылу энергетикалық қондырғылардың сыртқы беттеріндегі коррозия әсерінен болатын бұзылуларсыз және экономикалық төмендеусіз қазандықпен жылулық жүйелердің жұмысын қамтамасыз ету керек.

10.1.2 Қазанға дейінгі немесе қазан ішіндегі су айналымы үшін қондырғыларсыз булы және су жылытқыш қазандарды жөндеуге тыйым салынады.

10.1.3 Жабылатын және қызмет көрсететін бу және су жылытқыш қазандарды қазанға дейінгі немесе қазан ішіндегі судың жұмыс технологиясы бу сапасының, қоректік және қазан суын жылыту және ыстық сумен қамтамасыз ету жүйесі үшін судың, бастапқы судың және коденсаттың сапасының нормаларына сәйкес арнайы жобалық және жөндеу ұйымдармен анықталады.

10.1.4 Бу қазаның көректік суының сапасы келесі нормаларға сай болу керек (кесте 1):

Кесте 1

Көрсеткіш	Жұмыстық қысымы, МПа (кгс/см ²)			
	0,9(9)	1,4(14)	2,4(44)	4(40)
Шрифт бойынша мөлдірлігі (кем емес), см	30	40	40	40
Жалпы кермектікгі, мкг-экв/кг	<u>30*</u> 40	<u>15*</u> 20	<u>10*</u> 15	<u>5*</u> 10
Темірдің қоспаларының құрамы (Fe)	нормаланб	<u>300*</u>	<u>100*</u>	<u>50*</u>

санағанда), мкг/кг	айды	нормала нбайды	200	100
Ертілген оттегі құрамы (2т/сағ және көп өндіргіштігі қазандан үшін)	$\frac{50^*}{100}$	$\frac{30^*}{50}$	$\frac{20^*}{50}$	$\frac{20^*}{30}$
рН көрсеткіші, 25 °С болғанда	8,5 - 10,5			
Мұнай өнімдер құрамы	5	3	3	0,5

*алымында сұйық отында жұмыс істейтін қазандар үшін көрсеткіш, бөлімінде – басқа отын түріне көрсеткіш;

**экономайзері жоқ және шойынды экономайзерлі қазандар үшін ерітілгін оттегі құрамы түлі отын түріне 100 мкг/кг дейін рұқсат етіледі.

***басқа жағдайларда, өкілеттік мекемелермен рН көрсеткіші 7,0 дейін түсуі мүмкін.

10.1.5 Су жылытқышқазандардың желілік су мен қоректік су сапасын келесі талаптармен негізделеді (кесте 2):

Кесте 2

Көрсеткіш	Жылу беру жүйесі			
	ашық		жабық	
	Жүйелік судың температурасы, °С			
	115	150	115	150
Шрифт бойынша мөлдірлігі (кем емес), см	40	40	30	30
рН-тағы карбонатты кермектік: • 8,5-көп емес	$\frac{800^*}{700}$	$\frac{750^*}{600}$	$\frac{800^*}{700}$	$\frac{750^*}{600}$
• 8,5-көп	Рұқсат етілмейді		А қосымшаға сәйкес	
Ерітілген оттегі құрамы	50	30	50	30
Темірдің қоспаларының құрамы (Fe санағанда), мкг/кг	300	$\frac{300^*}{250}$	$\frac{600^*}{500}$	$\frac{500^*}{400}$
рН көрсеткіші, 25 °С болғанда	7,0 - 8,5		7,0 - 11,0**	
Мұнай өнімдер құрамы	1,0			

*алымында қатты отындағы қазандар үшін көрсеткіш, бөлімінде – сұйық және газ тәрізді отын.

**Су жылытқыш қазандар латун құбырлы ауажылытқыштармен параллель жұмыс тетегінде жылу желілер үшін желілік судың рН көрсеткіші 9,5 аспау керек.

10.1.6 Жылумен қамтамасыз етудің ошақ жүйелерінің қоректік су сапасын МСТ 2874 талаптарына сәйкес болу керек. Жылумен қамтамасыз етудің ашық жүйелері үшін қоректік суы органикалық қоспаларды жою үшін коагуляцияға ұшырайды, егер сынау түсі 20 минут қайнағасын нормадан көтерілген жағдайда.

Ыстық суды тікелей таңдаумен жылу желілерін қоректендіру үшін силикатты өндеу барысында қоректік судың құрамындағы силикатты есептегенде SiO₂ есебімен 50 мг/кг аспау керек.

Коректік суды силикатты өңдеу барысында кальцийдің мөлшерлі көнцентрациясы қазанның құбырының қабырғалы қабатында 40 °С көтерілуін есептегенде желелік судың температурасын жылыту үшін сомалық көнцентрациясын қоса сульфаттармен ғана емес (CaSiO_4 құлауын тоқтау үшін), сонымен қатар кремнилік қышқылдармен (CaSiO_3 құлауын тоқтату үшін) анықталады.

Жылу желілерінің коректік суына және желілік суына гидразинді және басқа зиянды заттарды қосу тыйым салынады.

Тазалық – эпидемиологиялық қызмет мүшелерімен келісем бойынша жылумен қамтамасыз етудің ашық жүйелерінде 70 °С дейінгі түсі және 1,2 мг/кг дейінгі темін құрамы көрсеткіші бойынша жылумен қамтамасыз етудің жүйелерінің қызмет көрсетуші жаңа және жөндеуден кейінгі мезгілдік қосылуында 14 күнгі дейін МСТ 2874 созуға болады.

Жылыту мерзімі тоқтағасын немесе су жылытқыш қазандарды және жылу желілерін тоқтатқасын сақтау керек.

10.1.7 Су дайындау қондырғылары барлық көмекші жабдықтарымен, реагент қоймалары мен бірге жылуэнергетикалық қондырғыларды қосу алдындағы тазалауға дейін екі ай бұрын қосылуды жөндеу үшін тапсырылу және жөндеу керек.

Су тазалау қондырғысы сәйкесінше қондырғылар мен агрегаттарды қосқанда іске қосылу керек.

10.1.8 Қондырғыларды, құбырөткізгіштерді және су дайындау қондырғысын және конденсатты тазалау қондырғысының арматураларын, құрлыс құрылымын, коррозияға активті орталарға сәйкес беттерді қызмет көрсетуге осы беттерде коррозияға қарсы жабынды жасау немесе оларды коррозияға төзімді материалдан жасау болады.

10.1.9 Су дайындау қондырғыларын, конденсатты тазалау және суды өңдеу қондырғыларының күрделі жөндеуі үш жылда бір рет жасалады, өтпелі жөндеу - қажет болған жағдайда, сүзілетін материалдардың деңгейін өлшеу – жынына екі рет.

10.1.10 Қазандықтың химиялық бақылауы қамтамасыз ету керек:

коррозияның, қақ және қалдықтардың пайда болуына әкеп сағатын су дайындау, энергетикалық және жылу-желілік қондырғылар жұмыс тәртібінің бұзылуын анықтау, су, бу, конденсат, отын, қож, күл, газ, май және ағынды судың сапасын немесе құрамын анықтау.

Қазанды қызмет көрсетуі химиялық бақылау толық көлемде орындалу үшін химиялық зертхананы қондырғылармен және құралдармен жабдықтағансоң рұқсат етіледі.

10.1.11 Қайта құрылған қазандықтар су дайындау қондырғыларын құрастырғасын, деаэраторды қоса алғанда, сүзгілерді толық қосқанда және оларды бақылау-өлшеуіш құралдармен қамтамасыз еткесін, сномен қатар қазандардың қорегін автоматтандырғасын қызмет, көрсетуге алынады.

10.1.12 Су жылытқыш қазандарды қызмет көрсетуге алғанда, сонымен қатар жылыту мерзімі басталар алдында үйлердегі жылулық желілері мен жылу тұтынудың ішкі жүйелері «Коммуналды жылумен қамтамасыз ету жүйесінің жылу желілерін техникалық қызмет көрсету бойынша арнайы ережеге» [2] сәйкес алдымен шайылу керек.

Қондырғының ішінқарау, қалдықтардың сынамасын алу, құбыр үлгілерін кесіп алу, бақылаудың актисін құру, сонымен қатар су – химиялық тәртіпке байланысты апаттар мен ақауларды игеруді химиялық талдау зертханасының персоналының қатысуымен қазандық персоналы жасау керек.

10.1.13 Жылыту мерзімі аяқталғасын қазанның қақ пен қождан ластану кезінде оның тазалануы механикалық немесе химиялық әдіспен жасалу керек. Ластану деңгейі мен тазалау әдісі қазанның ішкі бақылауы және қыздыру беттерімен коректік тракт анықталады.

10.1.14 Бу қазанының үрлеу тәртібі кәсіпорын басшысымен бекітілген ережемен орнатылады.

10.1.15 Бастапқы химиялық тазаланған, қазандық, желілік, қоректік және қоректендіруші судың, конденсаттың және будың сынамасын периодты алу қазан қондырғысының түріне, оның тәртібіне және бастапқы және қоректік су сапасына, суды өңдеу сызбасына байланысты қомуналды жылытқыш қазандықты қызмет көрсетуші кәсіпорынның химиялық зертханасымен немесе жөндеуші кәсіпорынмен орнатылады.

10.1.16 Суды магнитті тазалау Қазан қондырғылары ҚНЖЕ ҚР 4.02-08-2003 сәйкес жасалады.

10.2 Күл ұстау және қожкүл жою

10.2.1 Қатты отында жұмыс істейтін қазандықтарды қожкүл жою жүйесі берік және дамылсыз қожбен күлді жоюды, қызмет көрсетуші персоналдын қауіпсіздігін, қоршаған ортаны шаңданудан және ластанудан сақтауын қамтамасыз ету керек.

10.2.2 Қазандықтан 150 кг/сағ шыққан қож бен күлді жою үшін күлқож жоюдың механикалық, пневматикалық немесе гидравликалық тәсілдермен жасалады.

Күл мен қожды жою әр қазан үшін немесе барлық қазандық үшін ерекше тәсіл қарастыру керек. Күл мен қожды жинау бірге болу керек.

10.2.3 Қолмен қызмет көрсетуші ошақтармен жабдықталған қазандары бар қазандықтардан күл мен қожды жою үшін біржолды ілмелі транспорт, вагонеткалар немесе ашылатын төбесі бар теміржолсыз арбалар қолданылады.

10.2.4 Қатты отында жұмыс істейтін қазан қондырғылары күл ұстағышпен жабдықталуы керек; қазандықтың қызмет көрсетуші персоналы күл ұстағыш қондырғының дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті.

10.2.5 Күл ұстағыштардың номиналды режимінде түтінді газдарды тазалау деңгейі өндіруші-зауыт және жоба ережесіне сай болу керек.

10.2.6 Газ жүрістері мен күл ұстағыштарды қызмет көрсету күл ұстағыштың бөлек секциялары арасында және әр секция ішінде газды тасымалдау тең болуын қадағалау керек.

10.2.7 Күл ұстағыштарда айналма газ жолдарының сөндіру қондырғылары тығыз болу керек.

10.2.8 Күл ұстағыш аппараттар мен газ жолдарының қабырғаларында сулы бу конденсациясын болдырмау үшін осы қондырғылардың сыртқы оқшаулағыш бетіне қатаң назар аудару керек.

10.2.9 Ауа сорылуын жою үшін күл шаюшы аппараттар гидравликалық жабындары болу керек.

10.2.10 Күл ұстағыштарда желдеткіш саңылаулар пайда болуын ескерту үшін барлық төзілген құралдарға қорғаушы қабат жағылу керек.

10.2.11 Күлдік бөлменің едені жылтыр болу керек және дренажды арналарға қисайып тұру керек.

Арналар еден деңгейінде жабылу керек.

10.2.12 Қождық шахталарда қождық бункер жабыны мен қарайтын терезелері тығыз болу тиіс.

10.2.13 Бункерлерден күл мен қожды аударғанда қоршаған территориясы шаңдану мен ластанудан сақтайтын шаралар қолдану керек.

10.2.14 Күл ұстағыштардың жағдайы мен жүйесін бақылау керек қызмет көрсетуші персонал – кезегіне бір рет комиссия, басшысымен тағайындалған жарты жылда бір рет.

Күл ұстағышта ауаның сорылуын бақылау айына бір рет ұйымдастыру керек.

Күл ұстағыштың қаңқасында анықталған тығыздықтар, олардың ішкі қондырғылары мен жүйесінің ақаулары жойылу керек, үш күндік мерзімде тоқтату қажет болмаған жағдайда.

10.2.15 Қазанды үш күннен артық тоқтатқанда күлұстағыштар қалдықтардан тазалануы және тексерістен өту керек.

10.2.16 Күл ұстағыштардың қызмет көрсетуші сынамалары ластанудан кейін пайдалануға шығарда жасалу керек, сонымен қатар күрделі жөндеуден кейін немесе қайта құрылғаннан кейін жасалады.

Күл ұстағыштың қызмет көрсетуші сынақтарын өткізу үшін штуцерлермен, өтпелдермен және басқа құралдармен жабдықталуы керек, сонымен қатар сынақталған құралдардың пайдалануы үшін стационарлы алаң болу керек.

10.2.17 Күл ұстағыштың күрделі және өтпелі жөндеулері қазанның күрделі және өтпелі жөндеулері болып жатқан периодта жасалады.

10.2.18 Күл ұстағыштың құрылымын өзгерту немесе қайта құру күлұстағыш қондырғыны өндіруші кәсіпорынмен келісілгеннен кейін рұқсат етіледі.

10.3 Өлшемдер мен автоматика

10.3.1 Негізгі және қосалқы бу қазаның жабдықтау автоматтық реттеудің жылу техникалық бақылаудың құрылымдарын және оның көлемін 4.02-08-2003 ҚР ҚНЖЕ бойынша анықталады.

10.3.2 Бақылау, автоматты реттеу және қорғаудың құрылымдары мынамен қамтамасыз етілуі керек:

жылу механикалық жабдықтың күйіне бақылау;

бұл жабдықты басқару, қорғау және оның жұмысының сенімділігі мен үнемділігін.

10.3.3 Ұжым, бақылау құрылғының қызмет ететін қордағы құралдар мен материалдың бар болуы, техникалық қызмет ету және жөндеулерді өз уақытында өткізу, қолданудың тиімділігінің жоғарлауы бойынша іс-шараларды орындау, олардың жұмысқа деген дайындығын міндетті түрде қолдап қамтамасыз ету қажет.

Технологиялық автоматты реттеуіштерді тұрақты режимде және жабдықтың жұмысының тап қалған параметрлерін қамтамасыз құрылымдары – жабдықтың жайлы жұмыс тәртібінің бұзушылығында берік жұмыс істеу.

10.3.4 Бу қазанды іске қосу немесе тоқтатуға тиісті кедергі келтіретін бітеулерді және қорғауларды енгізу және шығару: ортақ алау және жағу оттығының алауы сөну бойынша қорғаулар үшін-автоматты, өзге қорғаулар үшін-автоматты, енгізу-шығарудың құралдарының қорғаулар сұлбелерінде болу керек.

Технологиялық қорғаудың, блоктау және дабыл құрылымдарының жұмысынан қорытынды:

мерзімді өндірістік нұсқау бойынша оларды ажырату қажет;

ақау немесе ақаудың анық болуы.

Бу қазанын ажырату үшін аусымның басшысының шешімімен және кәсіпорын басшысының ескертуімен орындалуы керек.

Блоктау және дабылдарға қосылған қорғаулардың жөндеу және реттеу жұмыстарын рұқсатсыз бастауға болмайды.

10.3.5 Бақылаудың құрылымдарының электр қоректенуі тұтынушылар үшін реттеу және қорғау: технологиялық қорғау, дистанционды басқару және бітеу құрылғылары, технологиялық басқару құралы, авто реттеу болу қажет.

Басқару құрылғыларының автоматтық қордағы электр қоректену құралдарының және дабылдама құрылғыларының дұрыстығын, қоректенудің кернеуі бар болса график бойынша бекітілген технологиялық кәсіпорын басшылары бір айда бір рет тексереді.

10.3.6 Автоматиканың сыртқы құрылымдарының сақталуы және тазалыққа жауапкершілікті, қоғауға және бақылауларға ұжым қызметшісі негізгі қызмет етеді; қондырғының технологиялық жағдайын және жұмыс кезінде дұрыс пайдалануын ұжым қызметкерлері жауапты болады.

10.3.7 Қоршаған ауаның температурасы, ылғалдылығы, дірілдігі, радиациясы, сыртқы электрлік және магниттік кернеуі стандартты және техникалық шартқа сай келу керек.

Бақылау құрылғының орналасқан жерінде, басқару және қорғау шарты бойынша t -сы $60\text{ }^{\circ}\text{C}$, ал ылғалдылығы – 90% болады. Апаттық жағдайда, технологиялық құрылғының ақуы байқалса, онда оның температурасы мен ылғалдылығы $75\text{ }^{\circ}\text{C}$ және 100% сай болу керек.

10.3.8 Шкаф түрінің қалқандары ұқыпты бекітіледі, тұрақты жарығы және 12 мен 220 В -ті штепсель розеткасы болу керек. Қалқандардың есіктері жабылуы тиіс.

10.3.9 Қалқандарда ауыспалы қораптарда, орындаушы механизмдерде, сымдарда және кабельдерде, сонымен қатар құбыр өткізгіштерде маркировкасы болу керек.

10.3.10 Алғашқы түрленгіштерді және механизм орындауышты белгілі аймақта қызмет көрсетеді.

10.3.11 Күш беретін және басқару құралдарына өлшеу кабель сызығының төсемдері ҚР-ның электро қондырғының құрылымы өртке қарсы талаптарына және ережелеріне сәйкес келуі керек.

10.3.12 Капиталды жөндеуден кейін тығыздаушылардың жағдайын міндетті түрде тексереді.

10.3.13 Импульсті сызық тығыз болу қажет. Капиталды жөндеуден кейін құрылғының барлық импульсті сызықтарына үрлеу жасайды. Ауаның немесе қождың сызықтарында болса, онда үрлеуді тұрақты жасайды.

10.3.14 Қолданылатын басқару жүйелерінде сервоқозғағыш жаракталған, шығын мінездемелері және люфтерге реттейтін және органдары пайдалану процесте тығыздық бойынша техникалық талаптарға қанағаттандыру керек.

10.3.15 Өтпелі және капиталды жөндеу құралдарын график бойынша басқарады және техникалық қызмет ету керек.

10.3.16 Эксплуатациялық технологияның қорғауға монтажын немесе реконструкциясын орындауын кәсіпорын басшысы тексереді.

10.3.17 Технологиялық құрылғының автоматты қосылуын қорғау органының орындаушысы және қазан цехының ұжымы тексереді.

10.3.18 Технологиялық қорғаудың құралдары (өлшеу құралдары, импульсті сызықты арматура, кілттер және т.б.). Олардың өз белгілері болу керек (қызыл түсті және т.б.).

Панелді қорғаудың екі жағынан және қондырғыда жазу- белгілері болу қажет.

10.3.19 Аппаратура қорғауын өзгерту үшін пломбаны тағамыз. Ол пломбаны шешуге жұмыскерлерге тек қана рұқсат. Пломбаны алу кезінде қорғау құрылғылары сөндіріп тұруы тиіс.

10.3.20 Жұмыс істейтін жабдықтың ажыратылуына әсер ететін, құрылымдармен жабдықталған, олардың істеуінің бекіткіш себептер мен және қорғалатын жабдықтың жұмысы уақыт бойы технологиялық қорғаулармен пайдалануда болу керек.

10.3.21 Эксплуатацияға енгізілген регуляторлар технолоиялық параметрлерін сақтау қажет.

10.3.22 Эксплуатацияға енгізілген барлық регуляторлар бойынша қазан цехоның құжаттамасында болу керек.

10.4 Құбырөткізгіштер, арматуралар, үрлегіштер және аккумулятор-бактары

10.4.1 Бұйрық бойынша қазан цехының құбырөткізгіштің эксплуатациялық қауіпсіздігі үшін кәсіпорынның қызметшісіне жауапкершілікті тағайындайды.

10.4.2 Монтаж, жөндеу және эксплуатациялық құбырөткізгіштер өз параметрлерге сай келуі керек. Техникалық регламентке сәйкес «Бумен ыстық су құбырларына қауыпсыздік талаптар». Құбырлардың пішіні орнату немесе жөндеу кезінде жобалаушы мекеменің рұқсатынсыз өзгертуге тиым салынады.

10.4.3 Арматура және құбырөткізгіштерді дайындайтын материалдар жобаға сай болып орналастырады.

10.4.4 Құбырөткізгіштің сұлбалары мен эксплуатациясы құбырөткіштердің ішкі кернеу элементтерін сақтау тиіс.

10.4.5 Капиталды жөндеу, құбырөткізгіш аймақтарын дәнекерлеу, арматураны және жылу изоляциясын ауыстырудан кейін қондырғыны жұмысқа қосу алдында мыналарды тексеру қажет:

- қозғалмайтын және қозғалатын тіректер;
- жылу алмасудың индикатордың өзгерісінен;
- сақтандырғыш құрылғыларын, дренаждың жағдайын;
- арматураның қозғалыс бөлігінің жеңіл жүрісті;
- запорлы арматураның жедел сигнализацияның сай болуы;
- жылулық изоляцияның өзгеуі.

10.4.6 Құбырөткізгіштер және арматураның эксплуатация негізіндегі бақылау жүргізіледі. Олар:

индикатор көрсеткіші бойынша жылу алмасудың құбырөткізгіштің өлшемі, есепке сай келуін;

- құбырөткізгіштердің саңылауларын және дірілдің жоғарлауын ;
- арматура мен фланецты қосудың, сақтандырғыш құрылғының тығыздығын;
- жұмыс металлының қосу және тоқтату кезіндегі режим температурасын;
- арматураның сальниктік тығыздауыштың герметикасын;
- мойын тіректердің майлануын.

10.4.7 Дренаждың жүйеде құбырөткізгіштерді қыздырғанда және суытқан кезде ылғалдықты толық жою керек.

Қосылған дренажды сызықта бірнеше құбырөткізгіште жапқыш арматура орналасады.

10.4.8 Арматурада жазу белгісі, құбырөткізгіштің технологиялық сызбасы бойынша номерлеу сонымен қатар айналу тетігінің бағыт көрсеткіші болу тиіс.

10.4.9 Құбырөткізгішті, арматураны, арматураның қашықтықта басқару элементтерін және жөндеу учаскілеріндегі құбырөткізгіштерді бөлуші бекітпелерді алып жөндеуді наряд-рұқсаты бойынша орындайды.

Құбырөткізгіштермен арматураларды жөндеу бір уақытта қондырғыға сәйкес орындалу керек.

10.4.10 Арматураларды жөндегеннен кейін беріктігін 1,25 қысымға тең жұмыстық қысыммен сынап тексерілу керек.

10.4.11 Қазанның қаптауы, құбырөткізгіштердің жылулық изоляциялық қаптамасы және басқа қондырғылар жөнделген калпында сақталу керек. Құбырөткізгіштердің жылулық изоляциялық қаптамасы, ашық ауада орналасқан кезде, май багінің, майқұбырының, мазутқұбырының жаңында орналасса ылғалдықты немесе мұнайөнімдерін сіңіруден сақтандырғыш қаптаулары болу керек.

Жылулық изоляцияға қолданатын материалдар, құбырөткізгіштің металының тотбасуын болдырмау керек.

10.4.12 Қоректік құбырөткізгіштерде, бүкұбырларында, сонымен қатар олардың арматурасының аппараттық аймақты жарықша болса, онда құрылғылар тоқтатылады.

Егер тоқтату мүмкін болмаған жағдайда аппаратты аймақты резервке қойып, осы аймақпен қосылған қондырғыларды тоқтатады.

10.4.13 Бекітуші арматураны реттеуіш ретінде қолдануға тиім салынады.

10.4.14 Қосалқы қондырғыларды орнату және қолдану қосақы қондырғыларды орнату мен қолдануды орындау зауотының нұсқауымен орындалу керек. Оны жұмысқа қосар алдында сақтағыш клапандардың, автоматты құрылғылардың, арматуралардың және бақылауыш-өлшеу құралдарын қалыпты жұмысын тексеру керек.

10.4.15 Жылуалмастырғыш қондырғының копусына қыздырылатын ортаның циркуляциясы орнатылмағанға дейін жылыту ортасын қызу беттерінің құбырларына беруге болмайды.

10.4.16 Әрбір жүйелік жылтқыштарға және жылытқыштар топтарына жобалаудың және сынаулардың нәтижесіне сүйене отырып орнатылу керек:

есептелген жылулық өндіргіштігі және жүйелік сумен қыздырушы будың параметірінің сәйкестігі;

температуралық ағын және жүйелік суды максималды температураға дейін жылыту;

бу мен судың шекті қысымы;

жүйелік судың есептелген шығыны және оған сәйкес ағынның жоғалуы.

Одан басқа сынаулардың нәтижесінде су жылытқыш қазандардың арынының жоғалуы, құбырдағы және қосалқы қондырғылардың сорғы-жылытқышты қондырғылары жүйелік судың шығының есептелуінен кейін.

Сынау жаңадан орнатылған сорғы-жылытқыш қондырғыларында 3-4 жылда қолдану кезінде жүргізілу керек.

10.4.17 Жүйелік жылытқыштарға және жылу жүйесін кіретін және шығатын судың температурасын өлшеп, олардың тепетендігі 30 °C 1 сағатта аспау керек.

10.4.18 Жүйелік жылытқыштардың жұмысы кезінде міндетті түрде атқарылу керек: шықтың деңгейін және жиналуын автоматты түрде бақылау қондырғысының жұмысы;

шыққа түспейтін газдардың жылытқыштын булы ортасынан шығару;

температура ұлғаю әсерінен корпустын қозғалуын қадағалау.

Құбыр жүйесінің жылу алмасу қондырғылары тексеріліп тұруы және қажет болса тазартылуы керек. Тазарту жылына бір рет жасалуы тиіс (жылу беру маусымына дейін).

10.4.19 Бу қыздыру ортасы болып табылатын, қыздырғыштарды пайдалану бөлім шықтағыштағы берілген деңгейді қамтамасыз ететін құралдарсыз рұқсат жоқ.

10.4.20 Жоғары беті 40 °C асатын барлық жылуалмастырғыш қондырғылар жылулық оқшауланумен жабдықталуы керек.

10.4.21 Құбыраралық кеңістіктегі немесе құбыр ішіндегі жолда гидравликалық қарсылықтың өсуі кезінде жылу алмастырғыш қондырғыны пайдалануда зауыт құжатында немесе жоба жасаушы көрсеткендей есептелген 25%-дан аспауы керек.

10.4.22 Жылуалмастырғыш қондырғыны тексеру және жөндеу үшін құбыр жүйесі мен бөлімі ортасынан толық түскенге дейін тіректен түсіруге рұқсат жоқ.

10.4.23 Жылу жүйелеріндегі қоректендіру қондырғысы жұмыс тәртібіндегі химиялық тазартылған суды және өнеркәсіптік сүкұбырларының немесе шаруашылық жүйесіндегі өңделмеген суды қоректендіруді қамтамасыз етуі қажет.

10.4.24 Желілік сорғылар және жылу жүйесінің жұмыс тәртібі кезінде қоректі түсіру қондырғысы желілік сорғылардың сіңіруші жағында көрсетілген қысымды ұстап тұруы қажет.

10.4.25 Жылу жүйесінде жіберілетін әрбір өңделмеген су жөнелту жағдайы жедел түрде алынған су көзі мен жіберілген су көлемі жупналда белгіленуі тиіс. Құбыр жүйесіне кірген және кері ағылатын желілік судың сапасын қадағалау арнайы сынақ жинаушының көмегімен жүзеге асуы керек. Қоректендіру құрылғысының құбыры мен су айналымы құбырының қосылу жерлерінде екі ысырманың арасында бақылау қақпағы қарастырылуы тиіс.

10.4.26 Қоректендіргіш судың бак-аккумуляторлардың жұмыс көлемі мен олардың жылу көзінде орналасуы ҚР ҚНЖЕ 4.01-41-2006 сәйкес келуі керек. Бак-аккумуляторлары температурасы 95 °С-дан аспайтын деаэрирланған сумен ғана толтырылуы керек. Бактың толтырылу жылдамдығы весттік құбырдың өткізгіш қабілетіне сай болуы керек.

Жылулық оқшауланусыз жобаланған бак-аккумулятордың толтырылу шегінің дәрежесі, жылулық оқшауланудың массасына балама биіктікке төмендетілуі керек.

Егер, бак-аккумулятор түрінде өнімнің 0,9 т/м³ тығыздығына есептелген мұнай өнімдеріне арналған бак пайдаланылса, онда бактың жұмыс көлемі 10 % төменделуі тиіс.

10.4.27 Бактың тоттанудан қорғау мемлекетаралық үлгікалып бойынша «Ескіру мен тот басудан қорғаудың бірінғай жүйесі. Лакбояулы беттер. Табиғи факторлардың әсерінің тұрақтылығына тездетілген сынақтар әдісі мен ортақ талаптары» бойынша орындалуы керек және ыстық су мен сұйық отынды сақтауға арналған металл қор сақтаушыны пайдалану бойынша нұсқаулық.

Бак-аккумуляторларды ішкі бетінің тоттануға қарсы қорғаусыз пайдалануға болмайды. Бак-аккумуляторлардың жағдайына баға беру, олардың әрі қарай пайдаланылуының жарамдылығын ыстық судың пайдаланылуы тоқтаған кездегі уақытта жылына бір рет қондырғыны көзбен тексеру және құбырларды алмастыратын қондырғыны және весттік құбырларды растау құжатын толтырып, тексерісті жүзеге асыру қажет.

Аккумуляторлы-бактың конструкциясының құралдарын тексеру және қабырғаларының қалыңдығын анықтау үш жылда бір рет орындалуы тиіс.

Егер бактың түбі және қабырғалары 20 % ұшыраса, онда оның тозуына, ауданының көлеміне қарамастан пайдалануы рұқсат етілмейді.

10.4.28 ҚНЖЕ РК 5.04-18-2002 талабы бойынша аккумуляторлы-бакты жұмыс жөндеуінен кейін сыналуы тиіс.

Әр бір пайдалануға қабылданған аккумуляторлы-бактың куәлігі болуы тиіс.

10.4.29 Эксплуатациялы аккумуляторлы-бактың рұқсат етілмейді:

Үстінгі деңгейге жеткен кезде бакқа судың толық тоқтатылуын қамтамасыз ететін бітеулердің жоқтығы және төменгі деңгейге жеткен кезде сорғылардың тоқтатылуы;

Егер де бактың деңгей шегінің сигнализациясы және судың деңгейін бақылауға арналған аппаратурамен жабдықталмаған болса;

10.4.30 Эксплуатация кезінде екі немесе параллель жұмыс істейтін деораторлар кезінде сулы және булы кеңістікте теңдік сызықта деоратор-бактарының жапқыштары ашық болуы тиіс.

10.4.31 Егер де деоратор бактарында және колонкада гидрозатворы жарамсыз және мүлде болмаған жағдайда деоратордың эксплуатациясы рұқсат етілмейді.

10.4.32 Будың суытқышы сөндірілген жағдайда деоратордың эксплуатациясы рұқсат етілмейді.

10.4.33 Қазан цехындағы барлық сорғылардың негізгі сипаттамасын жасау үшін күрделі жөндеуден кейін сынақтан өтуі тиіс.

10.4.34 Кавитацияны болдырмау үшін сорғының соратын патрубканың қысымы өндірістік-зауытының нұсқауы бойынша кем болмауы тиіс және де мерзімді бақылауда болуы тиіс.

10.4.35 Сорғылардың, түтінсорғыштардың, желдеткіштердің, аналогиялық құрылғылардың жұмыс істеген кездерінде мойынтіректердің температурасы 40-50 °С аспауы тиіс және қоршаған ортада, басқа да жағдайларда 70 °С жоғары болмауы тиіс. Өндірістік-зауыттың нұсқауы және жобасы бойынша мойынтіректердің салқындатқышы жарамсыз күйде болса, осы қондырғыны қосуға рұқсат етілмейді. Мойынтіректердің майлауын және корпустың жуылуы қондырғы жұмысының алғашқы айының 10-20 тәуліктен кейін және одан әрі де 30-40 тәулікте орындалуы тиіс.

Суыту жүйесінің дұрыс жұмыс істемеуі кезінде, бұл қондырғының іске қосылуы, жоба бойынша немесе өндіруші зауыттың нұсқаулығы бойынша рұқсат етілмейді.

Мойынтіректерді ауыстырып, майлау және корпустардың тазалануы, қондырғының жұмыс істеуінің бірінші айының 10-15 күннен кейін және одан кейін 30-40 күннен кейін жүргізілуі керек.

10.4.36 Виброауыстырудың, виброжылдамдықтың және виброүдеткіштің көлемдері мерзімді бақылауда болуы керек. МСТ ИСО 10816-1 сәйкесінше мойынтіректердің рұқсат етілген виброауыстырудың, виброжылдамдықтың және виброүдеткіштің амплитудалары шектен шықпауы тиіс.

10.4.37 Желдеткіштің сору саңлаулары немесе тарту қорабы 30 мм торлармен қорғануы тиіс.

10.4.38 Резервты қоректік сорғылар әрқашанда қосылуға дайын болу керек және күніне бір рет сыналуы тиіс.

11 Электроқуатты қондырғы

11.1 «ҚР тұтынушысы электр қондырғыны технологиялық эксплуатация ережелерімен» [4] сәйкес қазанның электроқондырғының эксплуатациясы жүзеге асуы тиіс.

11.2 Қазан электроқондырғыларға қызмет көрсету және жөндеу, монтаждау жұмыстарын және оны сынау арнайы дайындалған электротехникалық қызметкерлер құрамы жүзеге асыруы тиіс. Электротехникалық қызметкерлер құрамы коммуналды эксплуатацияланатын өндірістік энергетикалық қызметінің құрамында болуы тиіс.

